3. Копыленко М.М. Основы этнолингвистика. – Алматы :Евразия, 1995. - с 16
4. Орынбеков М.С. Ежелгі халықтың дүниетанымы. – Алматы: Ғылым, 1998. - 126 б.
5. Философия: Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық/ Құрастырған Т. Ғабитов. – Алматы: Раритет, 2004. - 392 б.
6. Ока А. Қазақтың киіз үйінің негізгі бөлігі – уық.// Б.Әбілқасымұлының 70 жылдығына арнайы ұйымдастырылған ғылыми теориялық конференция материалдары. – Алматы: Арыс, 2001. - 159-163 б.
7. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. - Алматы: Мектеп, 1984. -107 б.
8. Базылхан Б. Монғолша – қазақша сөздік. Улан батор – Өлгий, 1984. - 880 б.

Резюме

В статье рассматривается то, как раздел этнолингвистики, который изучает тайны древности и страницы истории, дошедшие через язык, пишет о казахах, а так же как определяет единицу времени в понимании кочевого казахского народа.

Resume

In this article is considered that, how branch of Linguistics, which studies ancient mysteries and pages of history, endured through language, writes about Kazahk, and in the same way defines unit of time in appreciation of nomadic Kazahk nation.

УДК 801. 8

КОМУЛЬСКИЙ ЦИКЛ ИСТОРИЧЕСКИХ ДАСТАНОВ

Г.М. Молотова

*Институт востоковедения Комитета науки МОН РК,
г. Алматы*

Богатый фонд фольклорного материала хранится в Восточном Туркестане, частью которого является комульский цикл исторических дастанов. Комульский цикл дастанов включает в себя две группы текстов: 1) дастаны, повествующие о событиях XVII-XVIII вв., 2) дастаны, о событиях первой четверти XX века. Единство двух групп произведений реализуется через объединение вокруг центра, которым выступает место событий. Характерно, что образование цикла произведений устного народного

творчества осуществляется объединением единым центром. Это может быть важнейшее историко-тематическое происшествие или персонаж. Сам термин четко охарактеризован В.П. Аникиным, который утверждает, что: цикл образуют «совокупности связанных между собой явлений, свершающихся в течение какого-либо промежутка времени» [1, с.117].

Тексты дастанов повествуют о событиях XVII-XX вв., происходивших на территории Комула, имевшего в прошлом статус города-государства. Комул входил в состав Яркендского ханства, созданного во второй половине XVI века, южной части Восточного Туркестана. Яркендское ханство граничило Джунгарским ханством. В XVII в. власть в Яркендском ханстве переходит в руки ходжей. В 1713 г. с помощью своих ставленников ходжей ойраты установили контроль над этим ханством [2, с.18]. В трудах историков изучающих данный период констатируется факт, что благодаря географическому положению, Комул имел важное стратегическое значение как для Джунгарского ханства, так и для Цинской империи. В эпоху сражения за контроль над Яркендским ханством уйгуры были вовлечены в эти конфликты. События этого периода воспеваются в комульских исторических песнях и дастанах.

В комульский цикл входят следующие дастаны: «Өмір батур» (Богатырь Омар), «Ячибөг дастаны» (Дастан о Ячибеке), «Исламбегим дастаны» (Дастан «Исламбегим»), «Ғожанияз һәккидә» (О Ходжиниязе). Эти тексты опубликованы в сборнике «Кумул нәмилири» (Комульская поэзия) [3, с.343-398]. В дастанах воспеваются храбрость и героизм национальных героев, выходцев из Комула и его окрестностей.

«Богатырь Омар» повествует о столкновениях комульцев с джунгарами в XVII в., «Дастан о Ячибеке» о национально-освободительном движении во второй половине XVII века. «О Ходжиниязе» о народном восстании 30-х годов XX в. под руководством Ходжинияза. К какому периоду относятся события дастана «Исламбегим» трудно установить. Можно предположить, что и этот текст повествует об эпохе борьбы уйгуров с джунгарцами. Таким образом, в комульском цикле сосредоточены дастаны, воспевающие события разных эпох.

Составитель сборника «Кумул нәмилири» Ели Исмаил предполагает, что в дастане «Богатырь Омар» повествуются события 1605-1668 годов. В книге «Комул» говорится, что в 1674-1788 гг. совершались набеги джунгарских войск под предводительством Галдан Кунтайджи. Также сообщается о месте, где происходило событие – Ялгуз туюн вблизи Комула [4, с.145]. Как повествуется в дастане, у пригорья Ялгуз туюн джунгарцами был совершен набег на мирных тружеников и убиты сорок молодых людей. Когда народ обратился к правителю Абайдулла тарханбегу отомстить за смерть невинных людей, то выступает богатырь по имени Омар. По сведениям, приводимым в книге «Комул» Абайдулла тарханбек правил Комулом в 1697-1709 годы [4, с.80]. Исследователь истории Восточного Туркестана А.Ходжаев правителя

Комула называет Убайдулла-ханом. Конкретной даты начала правления Убайдуллы-хана ученый не указывает. Однако послание Убайдуллы-хана цинскому двору датируется 1696 годом. В связи с ограблением и убийством цинского посла Мади в 1693 году. Убайдулла-хан упоминается как правитель Комула [2, с.23]. Таким образом, сличив сведения, приводимые в двух трудах, приходим к выводу, что автором труда «Комул» не правильно указана дата начала властвования Убайдуллы-хана.

В дастане Омар характеризуется как охотник. В прологе сказитель сообщает, что:

Лачин ғолидин чүшүп кәлди,
Атлар ойнатип.
Оң қолида күмүш нәйзә,
Куланлар атип.

С ущелья Лачин спустился,
Гарцуя на скакуне.
В правой руке серебрянсе копьё,
Подстрелив куланов.

Из этого примера видно, что образ богатыря Омара создан в подобии образа охотника. С одной стороны, охота – одна из занятий жителей горных мест Комула. С этой точки зрения, отражена реальность. С другой стороны, образ охотника является отголоском архаических мифов [5, с.667]. Как известно, в мифах культурный герой выступает как охотник–добытчик. С этой позиции образ Омара приближается к образу героя эпосов.

В следующем четверостишии, где описывается одяние богатыря, повторяются первые две строки. Сказитель уделяет особое внимание оружию, одежде и коню богатыря. Если в приведенном выше примере делается акцент на серебрянсе копьё, то в следующих строках сказитель акцентирует внимание на его одежде:

Лачин ғолдин чүшүп кәлгән,
Бир һашим улан.
Қизил-йешил тон кийипту
Яқаси булғун.

С ущелья Лачин спустился
Один величавый сын.
Одет в красно-зеленый халат
С воротником из соболя

В приведенных двух примерах наблюдается, что сказитель использовал повтор для создания портрета героя. Первая строка этих примеров, повторяясь, создает созвучие двух строф. В первом примере создан образ охотника, во втором делается акцент на одяние героя. В целом в приведенных двух

строфах создается портрет народного героя. Сказителем особо отмечается такая черта Омара, как отзывчивость. Как уже отмечали, народ Комула обратился к Абайдулле тарханбеги с просьбой отомстить за смерть мирных тружеников. Омар вызвался добровольцем:

Көк ала тайни минип,
Фол төвөн чапқан.
Мән-мән дегән ярәнләрниц,
һалини сориган.

Сев на серо-пегого жеребенка,
Вниз по ущелью скакал.
У высокомерных друзей,
Справлялся об их состоянии.

Эти строки несут скрытый смысл: «Мән-мән дегән ярәнләрниц, һалини сориган». Здесь подразумеваются джунгарские войска, которые возгордились временной победой.

Масть коня героя упоминается дважды. В первом случае, сказитель говорить, что Омар скакал на серо-пегом жеребенке. Во втором случае, упоминает о смене коня богатырем на серо-пегого жеребенка. Когда речь идет о коне богатыря, то для передачи быстроты серо-пегого жеребенка использовано выражение «учти пәләккә» - «взлетел на небо»:

Өмір батур тайни минип,
Учти пәләккә.
Ялғуз туюн аркисида,
Қонди терәккә.

Богатырь Омар сев на жеребенка,
Взлетел на небо.
Сзади Ялғуз туюна
Сел на дерево.

Использована антитеза для раскрытия образа Омар-батура. Противопоставляется храбрость главного героя трусости врагов:

Өмір жәңгә атлинип,
Яв ағзини кан әтти.
Болуп бәрбат дүшмәнләр
Қуйруқини тикивәтти.

Омар вступил в бой,
Окровавил пасть врага.
Разбитые враги
Смылись.

В данном примере, чтобы описать трусость врага, сказитель использовал идиому «куйрукини тикивэтти» в значении «смылся».

В эпизоде, где описывается сражение Омар-батура с врагом, передается мастерство и храбрость богатыря:

Ойнитип ок-я-килич,
Төрәптин киргін салди,
Өмәр батур мәрдләрчә,
Гапат туғини алди.

Махая мечом и луком со стрелами,
С одной стороны учинил побоище,
Омар батур мужественно,
Взял знамя Гапата.

В данных строках сочетание «әпат туәи» может означать «знамя Гапата». По историческим фактам, старший сын Абайдулы тарханбеги Гупа (Вапа) [6] возглавлял войсками Комула, а флаг армии был красного цвета. Омар-батур выступив добровольцем, стал под знамя войска Комула.

Образ Омар-батура идеализирован. Его образ близок к образам героев эпических произведений. Он один сражается против тысячной армии. Он внушает им страх. Враг, увидев Омар-батура, пускается в бегство. В дастане повтором числа «бир миң бир йүз» (одна тысяча сто) делается акцент на многочисленность вражеского войска, против которого сражался Омар-батур. В следующих строках мы видим храбрость, бесстрашие и воинственность Омар батура в противовес трусости вражеской рати:

Өмәр батур хош әр еди, Аләмдин ашқан.	Богатырь Омар был хорошим, В мире нет подобного.
Бир миң бир йүз черик кәлсә, Нәйзиләр чачқан.	Если наступал тысяча сто войско, Разбрызгал на них копьа.
Көк ала тайни минип, Байларни басқан.	Сев на серо-пегого жеребенка, Проехал местность Бай.
Бир миң бир йүз черик көрүп, Арқиға качқан.	Тысяча сто солдат его увидев, Попятились назад.
Ялгуз туюнниң арқиси, Түп-түз бир алқан.	Горный хребет Ялгуз туюн, Подобно ладони равнина.
Бир миң бир йүз черик чикип, Өрүлүп янған.	Тысяча сто солдат выступив, Попятился назад.

Дастан «О Ячибеке» – второй текст, входящий в кумульский цикл. Этот дастан тоже освещает уйгуро-джунгарские отношения в XVII веке. В начале XVII в. потомки правителя Восточного Туркестана делятся на две группы:

белогорцы (ақ таәлиқлар) и черногорцы (қара таәлиқлар). Начинается междоусобная борьба. В 1679 году предводитель группы белогорцев Аппакходжа, опираясь на поддержку джунгарцев, берет в свои руки власть. Однако с тех пор Восточный Туркестан становится вассальной страной джунгарцев. В дастане воспевается борьба народа за независимость во главе национального героя Ячибека. Как повествуется в дастане, под знамя Ячибека собираются добровольцы ряда городов, как Комул, Багдаш, Аратам и других. Повстанцы под его предводительством наносят серьезный урон врагу.

В прологе дастана сообщается о месте рождения главного героя:

Ячибәғниң өйлири,
Төрүк теғи Әмтидә.
һийлә-тама йоқ еди,
Ячибәғниң әптидә.

Дом Ячибека,
В Амти близ горы Торук.
Корысти, ухищений не было,
В нраве Ячибега.

В приведенном примере нашло отражение отношение народа к Ячибеку. Кратко, ярко охарактеризован народный защитник. Далее сообщается о тяжелом положении народа, который подвергался к разбою, и облагался непосильными налогами, что привело народ к обнищанию. Эта причина побудила Ячибека встать на тропу борьбы.

Кунтажиниң ләшқири,
Салди хәккә соруқлук.
Сар селишти халайиқ,
Өй-макани туруқлук.

Войско Кунтаджи,
Наложил народ налогами.
Народ замучился от беготни,
Остались их жилища.

Сказителем создан яркий портрет Ячибека. Он строен, руки словно кувалда, а сам подобен льву. Это традиционное сравнение, используемое в создании образа богатыря:

Ячибәғни көргәнләр
Сумбатлиқкән дәр еди.
Гурзи-базған қоллири,
Йолвас кәби әр еди.

Кто увидел Ячибека
Говорили, что он статный.
Его руки словно булава-кувалда,
Мужчина подобный льву.

Ячибеку также характерен богатырский аппетит. Этим подчеркивается огромная физическая сила героя:

Ячибэг хоп эр еди,
Ячибек был хорошим мужчиной,
Йэттэ кулан йэр еди.
Йэттэ кулан йәп болуп,

Ел семь куланов.
Съев семь куланов,
Спрашивал, есть ли еще.

Приведенные примеры показывают, что сказитель при создании образа национального героя использовал готовые формы. Поэтому образ Ячибека очень близок к образу богатырей героических эпосов.

Сказитель, как и в предыдущем тексте, повтором числа «миң киши» (тысяча человек) делает акцент на многочисленность повстанцев.

В дастане Ячибек характеризуется как бесстрашный и храбрый воин, которому беспрекословно подчинялись все. Враги могли сохранить жизнь, сдавшись в плен, о чем свидетельствуют следующие строки:

Ячи дегән бир киши,
Аркисида миң киши.
Ячиға егилмисә,
Кутулалмайду киши.
Ячи бегим Ячидур,
Нәйзисини санчийду.
Ячиға егилмисән,
Токмак билән яниду.

Ячи был личностью,
За ним стоят тысячи человек.
Если не подчинятся Ячи,
Человек не мог спастись.
Бек мой Ячи, он Ячи,
Вонзает копье.
Если не подчинится Ячи,
То огреет дубинкой.

Повстанцы во главе с Ячибеком были большой угрозой для маньчжуров. Тогда маньчжурский правитель находит выход из ситуации: подкупает одного

из представителей высшего сословия Османбека, тот в свою очередь нанимает себе в подручного зятя Ячибека Саманчи. При передаче этой информации наблюдается отрицательное отношение сказителя к этим персонажам. Продажность этих людей в дастане повествуется с презрением:

Қалмақ келип чиллиди,
Османбәгни йениға.
Османбәгму сетилди,
Сәккиз мискал алтунға.

Пришел калмык и подозвал,
Османбека к себе.
И Османбек продался,
За восемь мискалов золота.

Саманчиму сетилди,
Османбәгкә қетилди.
Кәйнигә чүшүп Ячиниң
Тутмақ болуп етилди.

Саманчи продался,
Стал на сторону Османбека.
Следуя за Ячи
Бросился пленить его.

Здесь «мискал» означает меру веса равной 4 граммам. Утверждая, что Османбека подкупили 8 мискалами золота (32 г), сказитель раскрывает его сущность. Представителя высшего сословия подкупают за столь мизерную оплату.

Сказителем создается портрет Саманчи, где чувствуется презрение к предателю:

Соқләт-сөрүн Саманчи,
Ячиға болди күшәнди.
Нәпкә сетип женини,
Болди Османға ялақчи.

Гнусный, презренный Саманчи,
Стал вредителем для Ячи.
Ради выгоды продал душу,
Стал приспешником Османа.

Из этого примера видно, что сказитель относительно народного предателя Саманчи подобрал слова с неодобрительным оттенком. Саманчи обманом заманивает Ячибека в свой дом, убеждая, что у них спокойно. Затем, подрезав подпругу коня Ячибека, доносит врагам. Как повествуется

в дастане, Ячибека привязывают восемьдесят человек. С одной стороны гиперболизацией сказитель подчеркивает богатырскую силу народного героя. С другой – делается акцент на трусость вражеской рати, несмотря на многочисленность:

Ячибэгниц йүрикини,
Эжэп-эжэп дағлиди.
Сәксән киши йиғилип,
Ячибәгни бағлиди.

Сердце Ячибека,
Очень-очень опечалили.
Собравшись восемьдесят человек,
Ячибека привязали.

В дастане приводятся краткие биографические данные Ячибека. Называется имя отца Ячибека – бек по имени Сулайман, упоминается о сестре, хотя не называется ее имя. В эпилоге дастана называется имя сына – Аллакули:

Елип манди Ячини,
Өлтүрүшкә буйриди.
Аллакули дегән оғли,
Аркисидин йүгүрди.

Повели Ячибека,
Приговорили к смерти.
Сын по имени Аллакули,
Следом побежал.

Дастан завершается сообщением, что народ отомстил за смерть своего любимца: убив Саманчи, набили соломой его кожу. Здесь использован повтор слова «саман» (солома). Имя предателя сказитель тоже производит от этого слова, делая акцент на полость, внутреннюю пустоту. Характерно, что имя предателя сводится к роду занятия. Как бы заранее информируя о безликости образа.

Следует отметить, что об убийстве 40 мирных землепашцев была сложена историческая песня «Ялгуз туюн», которая приводится в книге «Комул» [4, с.145-147].

Дастан «Исламбегим» сопровождается предысторией, где сообщается об ареале распространения текста:

Гүл-чечәккә оралди,
Кумул йурти-бостани.
Эл ичигә таралди,
Исламбегим дастанни.

Укутался в бутоны-цветы,
Родина-сад Комул.
Среди народа распространился
Дастан об Исламбегим.
Далее повествуется ликование народа, услышав весть о приезде
Исламбека. Он правитель города Чамбашлик. Отмечается его мастерство:
Мисир теги кәйнидә,
Тарам-тарам су ақар.
Исламбегим ғәйрәтлик
Қилич ойнап баш чапар.

За горой Мисир,
Обильно течет вода.
Исламбегим доблестен
Играя саблей, рубит головы.
Сказителем мастерски использована гипербола для передачи отвагу и
храбрость Исламбегим:
Әпләп туруп мушт атти.
Ялмавузға-чериккә.
Тағ-сайларни тошқузди,

Наполнил горы и лощины,
Прицелившись, кинул колотушку
На чудовище-войске.
Дәвә-дәвә өлүккә.
Грудами трупов.
Наблюдается использование традиционного сравнения врага с чудовищем
(ялмавуз), мифическим существом, пожирающее все, что попадает на пути.
Этим сравнением показывается разрушительность набегов врага.
Далее повествуется, что Исламбек признанный на родине богатырь:
Ислам шундақ әр еди,
Нами әлгә тонулған.
Әлгә қилған һиммити,
Дастан болуп тарқалған.

Ислам был таким мужчиной,
Его имя народу известен.
Его забота о народе,
Распространен дастаном.
Дается косвенная информация о всеобщем народно-освободительном
движении. Как повествуется, султан Хотана собрав войско, пригласил

Исламбека возглавить их. Сказителем особо подчеркивается его храбрость. Герой дастана внушает страх своим грозным видом:

Көкрәк керип Исламбөг,
Кирди мөйдан ичигө.
Титрәп кәтти черикләр
Униң тағдәк күчигө.

Исламбек расправив грудь,
Вошел в поле боя.
Вражеская рать задрожала,
Увидев его силы, подобной горе.

Далее сообщается о доблестном сражении Исламбека, о покорении множества войск врага, его ранении. С особой силой передается картина храбрости Исламбека. Так, раненый Исламбек перевязав раны, вступает вновь в бой:

Қанчә-қанчә черикләр,
Ислам бәккә баш әгди.
Қаза келип ғайиптин,
Ана үч пай оқ тәгди.
Ярисини шу һаман,
Достлириға тандурди.
Жәңгә кирип қайтидин,
Қисасини кандурди.

Сколько-сколько солдат,
Подчинились Ислам беку.
Неизвестно откуда беда пришла,
На него три стрелы попали.
Рану сразу же
Велел перевязать друзьям.
Вновь вступив в поле боя,
Утолил жажду мести.

Исламбека, плененного в одном из боев, заперев в железную клетку, тайно везут в Хотан. Приемом антитезы сказитель передает силу любви и уважения к национальному герою: враг ликует, прокликает Исламбека, а народ желает ему здравия. Как повествуется в дастане, друзья освобождают его из плена и Исламбек выступает с призывом бороться с врагом и освободить Хотан. Из его слов явствует, что враг – кефиры, а их борьба - «газават». Эпилог дастана оформлен в виде плача народа о смерти Исламбека.

Дастан «О Ходжиниязе» относится ко второй группе комульского цикла. В нем повествуется о восстании народа Комула под предводительством

Ходжинияза в 30-е годы XX века. Основной акцент делается на то, что Ходжинияза народ выдвинул руководить деятельностью повстанцев. Сказитель позволяет себе давать наставления Ходжиниязу:

Хожанияз әмди сиз,
Көңлиңизни кәң қилиң.
Он икки тағниң чоңлирини,
Өзиңизгә тәң қилиң.
Ходжанияз тепер вы,

Будьте великодушны.
Старшин двенадцати гор,
Считайте равными себе.

Этими строками как бы передается присущее человеку высокомерие. Поэтому сказитель советует Ходжиниязу считать старшин других местностей, примкнувших к народно-освободительному движению, равными себе. Как свидетельствуют исторические факты, в 1933 г. была создана Исламская Республика Восточного Туркестана. Ходжинияз был избран председателем [7, с. 68]. Вероятнее всего об этом факте истории идет речь в приведенном примере.

При описании сражений использована гипербола:
Лүйжаң болуп Хожанияз,
Лодунларда жәң қилған.
Батурларчә жәң қилип,
Өлүк билән шәр қилған.

Ходжанияз стал командиром,
В Лодуне воевал
Сражаясь героически,
Из трупов построил город.

В комульском восстании принимали участие и дунгане. В дастане повествуется об измене дунган во главе с Маджуньином:

Мажуньиң дегән тунған,
Жимисарда турғанду.
Бирләшкән келишимни,
Өзи башлик бузғанду.

Дунганин Маджуньин,
В Джимисаре остановился,
Договор об объединении,
Нарушили под его руководством.

Как свидетельствует Алихантора Сагуний, объединение дунган и уйгуров под предводительством Маджуньи́на и Ходжинияза образуют мощную

силу. СССР, не ожидавший такого поворота, внедряет людей организовать раздор между ними: распространяют слух о присвоении большого количества трофея дунганями. Таким путем добиваются разлада уйгуров и дунган [7, с.70]. Об этом факте повествуется в следующих строках:

Ушшак тилда жән болди
Хәнжәр билән сәп турдук.
Нийәт бузған туңғанни
Иман ейткин дәп турдук.

В Ушшак тиле был бой
Стали в строй с кинжалом.
Дунганов, нарушивших замыслы
Призывали к вере.

Историческим дастанам комульского цикла свойственно усиливать воздействие речи путем повтора. Особенно для обозначения многочисленности войска употребляется выражение «бир мис бир йӱз» (одна тысяча сто). В дастане «Богатырь Омар» это выражение повторяется трижды.

Еще одной отличительной чертой текстов комульского цикла является создание некоторых строк путем контаминации. Это явление наблюдается в дастане «Исламбегим». Доминантой выступают строки песен народной певицы Назугум. Контаминацией созданы 2,3,4 строки. Часть первой строки дается с небольшим изменением:

У Назугум:

Тағдин чүшкән төрт атлик,
Тәртилиси боз атлик.
Тәртиниң ичидә
Мениң акам сумбатлик.

Спустившиеся с гор четыре всадника,
Все на сивых конях.
Среди четверых всадников
Мой брат стройнее.

В «Исламбегим»:

Ахшам кәлгән төт атлик
Төтилиси боз атлик.
Төтәйлән арасида
Исламбегим сумбатлик.

Вчера прибывшие четверо всадника,
Все на сивых конях.

Из четвертых
Исламбек стройнее.

В исторических дастанах редко встречается упоминание о дате события. Указание точной даты воспеваемого события характерно историческим песням. Однако в дастане «О Ходжиниязе» мы обнаружили строку, где сообщается время одного из сражений:

Иккинчи айниң он алтиси,
Лодуңларда сокуштук.
Худайимға шүкри ейтип,
Намаз-нияз окуштук.

Шестнадцатого числа второго месяца,
Всеваля в Лодуне.
Выражая благодарность Богу,
Молитвы-обращения читали.

На примере исторических дастанов комумельского цикла можно сделать следующий вывод: исторический дастан XX в. претерпел множество изменений. Он более приближен к жанру исторических песен. Повествование лаконичнее. Композиционные строение дастана изменено. В отличие от традиционного строения в этих текстах повествование передается только поэзией.

ЛИТЕРАТУРА

1. Аникин В.П. Теория фольклора. Курс лекций. - М.:КДУ, 2004. - 432 с.
2. Ходжаев А. Цинская империя и Восточный Туркестан в XVIII в. - Ташкент:Фан, 1991.
3. Кумул нэмилири. Үрүмчи, Шинжаң хәлик нәшрияти, 1991.
4. Кумул Түзгүчи Айшәм Әхмәт. Үрүмчи, Шинжаң хәлк нәшрияти, 1993.
5. Мифология. Большой энциклопедический словарь. М., Большая Российская энциклопедия, 1998.
6. А.Ходжаев в указанном труде называется имя старшего сына Убайдулла-хана – Гопурбек, который стал правителем после смерти отца.
7. Талипов К.Т. Лихантҗрј Саәуний Қумул козәилиси һјккидј// Материалы международной конференции «Уйгуроведение в Казахстане: традиция и новации». - Алматы, 2006.

Түйіндеме

Мақала авторы ұйғыр фольклорының аз зерттелу мәселесіне назар аударады. Мысалы тарихи дастандарының Қомұлдық айналым мысалында айналымдар қалыпталуы мәселесі, олардағы тарихи шынайылықтар бейнесі, сонымен қатар зерттелетін дастандарда кейіпкерлердің бейнесін жасау қарастырылады.

Resume

Автор статьи обращается к проблеме малоизученной в уйгурской фольклористике. На примере Комульского цикла исторических дастанов рассматривается вопрос образования циклов, отражения в них исторической действительности, а также созданию образов героев в исследуемых дастанах. Приходит к выводу, что, в основном, образы героев дастанов созданы по готовой форме. Они сближены к образу богатыря героического эпоса. При описании портрета и деяний героя повествования сказителями используются такие приемы как гипербола, повтор, антитеза.

ЭОЖ 882.151.212.2

**О. СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ АДАМ МЕН ӘЛЕМ ТУРАЛЫ
КӨРКЕМДІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ****Г.С. Мұхамбетова***С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Олжас Сүлейменов туралы көп және әр түрлі пікірлер айтылады: қарама-қайшылық ақыны, тек қана ұлттық ақын, планетарлық ойдың ақыны, сонымен бірге оның дәстүрлілігі мен шешендігі туралы да сөз таластырып жатады. Олжас Сүлейменовтің поэзиясының мамандығын түсіну үшін оның терең тұлғалық сипаттағы көркемдік-философиялық мәніне ену қажет. Ол поэзияға анықталған әлемді тануымен келді. Оның ертедегі жазған өлеңдерінің бірін одан арғы шығармашылығы үшін анықтаушы деп санауға болады:

... Старики, я хочу знать, как погибли мои города?...

Сырдарья погоняет ленивые желтые волны.

Белый город Отрар, где высокие стены твои?...

Бұл тек қана азиаттық көнелікті болжай білу ғана емес, одан да көп нәрсе. Бұл терең философиялық жалпылау. О. Сүлейменов тек қана өзінің туған халқының мәселесін ғана қозғап қоймайды, ол кеңірек алады – бұл адамның және оның жадының рухани және адамгершілік құндылықтарының терең мағыналылығы. Жалпылама кең ауқымда алынады, себебі, барлық адамзатқа және әр адамға осы поэтикалық шығармада анық көрсетілген сапалар тән: құрып бара жатқан мәдениетті көрген кездегі қайғы; кітаптарды жағу, кейін «өртелген шығыс»²⁷ сағына еске алатын кітаптардың; ауыр кітаптардың, ауыр дегенде салмағы жағынан емес, оны жасау жұмыстарының ұзақ та қиын деген мағынасы жағынан – рухани құндылықтардың іске асуы.

Отанды мықты қорғау, әлсіз, қорғансыз әйелдердің кегі. Өлеңде тарихи факті - әлемдік мәдениеттің орталықтарының бірінің, яғни қыпшақ қаласы Отырардың құлдырауы жайлы сөз болады. Мұнда жоғары адами мәннің - өтірік пен жауыздыққа қарсы күрестің қажеттілігі, қауырт жағдайларда адами құндылық сапаларын, адамгершілікті, рухты, патриотизмді сақтап қалу мәселесі қойылған.

Жалпы алғанда, О. Сүлейменовтің поэзиясына жоғары динамизм, қозғалысқа ұмтылу, түрлі көзқарастарды қарама-қарсы қою мен бөліп-жару тән.

О. Сүлейменовтің өлеңдері мен прозасы кез-келген ойлаушы қазіргі заманғы адам секілді ассоциативті, эмоционалдық жағынан шамадан тыс тырысатын болып келеді.

Поэзия автордың еркелігінен күрделенбейді, ол өмірдің қиындығын сезінумен, өзінің әлемді танып-білуін білдіруге ұмтылумен күрделенеді және бұл оның адамгершілік және этикалық-философиялық позициясының бірлігімен анықталады:

... искусство-слепо,
когда у девочки в желтом сари
в глазах нет хлеба.
Ее растреляют ночью
росинка,
которой нет,
об этом предупреждает девочку
Шри, поэт
пока прибудет обоз
Из провинции Непала,
ее сожгут индуисты,
но раньше-
вьетнамку напалмом...

Бұл өлеңде өркениетті Батыс пен рухани бай Шығыстың өзара қатынасының тұтастай образы берілген. Бұл образда күрделі рухани қақтығыстар ашылып көрсетілген. Сары саридегі қызды өртеу бұл – аштық пен қайғы-қасіретте қалған қарсылық күштің көрінісі. Бұл үнді, африка, вьетнам әйелдерінің қасіреті. Бұл берілген образ – терең философиялық-көркемдік жалпылау.

Олжас Сүлейменовке сөздің семантикасын шешу, тек түрінің әдемілігіне ғана емес, оның эмоционалдық-көркемдік толықтығына ұмтылу сипаттары тән. Мұның бәрі де ой мен сезімнің стандарттарын қабылдамайтын нағыз өнердің белгілері. Ақын өткенді тірілтеді, оны бүгінгі күнмен салыстыруға тырысады және осы салыстыру арқылы өз-өзін көруге тырысады, мұндай қарама-қайшылықтар ол үшін жай ғана поэтикалық сұлулық қана емес, шығармашылық өзіндік бере білуінің сенімді құралы.

Бұдан басқа, ақын жай сипаттап қана қоймайды, көргені мен естігенінің тірі шынайы суретін беріп, тыныш жатқан сезімді қозғалысқа келтіреді:

Ах, какая женщина,
руки раскидав,
спит под пыльной яблоней,
Чуть журчит вода.
В клевере помятом сытый шмель гудит,
Солнечные пятна бродят по груди.

Суреткер-ақынның импрессионистік болжамдары келесі өлең жолдарында одан да үлкен күшпен өз-өзін көре біледі:

Вдоль арыка тихо еду я в седле.
Ох, какая женщина! Косы на земле!
В сторону смущенно
Смотрит старый конь.
Солнечные пятна шириной в ладонь. («Жара»)

Бұл ақындық жолдар ерекше тазалықпен, мөлдірлікпен, ерекше бір алаңсыз тыныштықпен дем алады. Тамаша әйелдің образы аз сөзбен-ақ керемет суреттелген. Жеке алғандағы жазушы әр жолдың астарынан көп нәрсені көре алады. Жүректі тебірентер ашық та нәзік өлең жолдары жүректің ең түкпіріндегі қылын шертіп, жүректі тербеп, тебірентеді. Әйелдің әдемілігін мақтан тұту жүректі керемет сезімге толтырады.

Суреткер мен уақыт – Олжас Сүлейменовтің көп көңіл бөлетін мәңгілік тақырыбы болып саналады және оның барлық шығармашылығы арқылы ерекше тізіліп көрінеді. Мысалы, «Құмырсқа», «Кактус» поэмаларында, әсіресе, «Сазды кітапта»:

И снова в будущее
пропутешествуют народы спящие,
и в следующем веке
проснется один человек,
чтоб зафиксировать или исследовать
настоящее.

Ұйықтап жатқан бар әлем мен ояу суреткер - әлемнің шынайы суреті. Олжас Сүлейменовтің поэзиясының басқа бір қыры бұл – ойдың ауқымдылығы, жаһандығы. Оның поэтикалық таланты қазақ халқының ғасырлар түкпіріндегі терең ескілік контексіндегі және қазіргі заманғы тарихи тағдырының суреттерін камтиды. Ақын және көтерілісші Махамбет ол үшін – тек қана халықтық көтерілістің көрінісі ғана емес, сонымен бірге, өз халқының мерейі үшін соңына дейін күресе білу:

Эх, если бы сказали мне:
«Великий,
Прости людей, уже пора-простить,

Мир будет счастлив

От твоей улыбки!»

Тогда бы я старался не грустить

Сказали бы смущенные мужчины:

«Моря полны водой, пока Урал

Не высохнет.

Пока ты жив, мы-живы...»

Тогда бы я, клянусь, не умирал.

О. Сүлейменовтің Махамбеті – күшті әрі тұтас тұлға. Ақын ол бейнеден әділеттілік үшін күресетін нағыз күрескерді ғана емес, қаламдас бауырды да көре біледі:

«раскалывал врага ты до сапы,

Потом писал лирические строки

И в каждом слове улыбался – бы...»

Да – да,

Ты резал и шутил при этом,

Все правильно, все верно, Махамбет.

Какая радость, что я стал поэтом,

Иначе б не знал,

Что ты-поэт.

Олжас Сүлейменовтің шығармашылығында суырып салушылық өнердің ашық көрінісі таң қалдырады, ол дала жыраулары мен ақындарынан мирасқа қалған болатын. Бұл оған бір тақырыптан екінші тақырыпқа, бір ғасырдан екінші ғасырға жеңіл ауысып отыруға және түрлі ғасырдың суретін беріп, сол уақыттың жағдайларын тірілтуге мүмкіндік береді. Оның образдары шапшаң және қарқынды өсіп отырады, «поэзия мен проза патшалығына еніп, әлемді метафорамен басқарады». Кей кезде әр қилы әлемді, сезімді және ойды толықтай сипаттап беру үшін ақынға өлең формасының шеңбері тар болып көрінеді, сол кезде ол рифмді прозаға немесе драмаға ауысып кетеді.

Олжас Сүлейменов үшін – ой мен сананың еркін қалықтауына кедергі жасайтын шаблон шеңберінен шыққан ақын ғана нағыз ақын болып саналады. Оның қашанда «әдетке айналған аллегориядан жүрегі айнитын». Ол ақынның Тәңірдей шебер нәрсе жасауына тырысуы қажет екенін түсінетін. Ақынның бүкіл шығармашылық жолы – осыған куәлік етеді. О. Сүлейменов көркем шындыққа ілесе отыра, адам ретінде, тұлға ретінде қоғамның дегуманизациясымен бетпе-бет келіп, өзінің жанына өзі иелік иету құқығын талап еткендігі тулаы айтады. Ол үшін адам адамгершілігі жоқтыққа қарсы тұруға қаншалықты қабілетті деңгейде болса, сол деңгейде ғана өмір сүре алады. Оның шығармашылық ізденістерінің – оның поэзиясының, публицистикасының, сонымен қатар әдебиет жайлы, әріптестері жайлы, сол замандағы адамдар жайлы мақалаларының мәніне түсіне отырып, бұған көз жеткізуге болады.

Олжас Сүлейменов - өз халқының адал да лайықты перзенті. Ақын егер парыз бен патриоттық сезім әлемді ойсыратып, адами өмірдің тыныш ағынын бұзса, мұндай парыз бен патриоттық сезімнен бас тарту қажет деген оймен келісетін адамдар категориясына жатады. Оның жалпыға белгілі афоризмі – тауды аласартпай-ақ даланы көтеру – бұл ақын және азаматтың бүкіл шығармашылығы үшін өзіндік ұраны болып табылады. Өз елінің кең-байтақ даласының арқасында қазақ халқы әуел бастан кең жүректі халық. Оларға бұрыннан-ақ көңілінің кеңдігі тән. Олжас Сүлейменовтің шығармаларында сөздің материалдық және рухани жағы бар. Ақын ізденіс үстінде, ол үнемі сөздік ізденісте. Ақын үшін шығармашылық процестің өзі – Тәңірінің күшімен туатын бір ғана қажетті сөздің тууы. Олжас Сүлейменов сөздің әлемнің дамуы мен өзгеруі үшін әрекеттегі қару екенін түсіне біледі:

Любая влага,
влитая в кувшин,
спешит принять
его литую форму.
А слово, проникая в глушь души,
ей сообщает
собственную форму.

Так, в мир входя, мы изменяем мир,
он-оболочка, мы-его основа,
мой мир, рябь, морщина, как эфир,
приобретает очертание слова...

Олжас Сүлейменов қазақ ақындарының бірегейі ретінде көп сапар шеккен. Ол Азияны, жақын Шығыс елдерін, Еуропаны, Американы аралап өткен. Ақын көшпенділер тұқымы, ол қозғалысты жаны сүйеді, жылдам ағыстағы, қарқынды өмірді қалайды, адамдар мен басқа елдерді танып біледі:

Кочую по черно-белому свету,
Мне дом двухэтажный построить советуют,
А я, как удастся какая оказия,
Мотаюсь по Африкам, Франциям, Азиям,
В Нью-Йорке с дастанами выступаю,
В Алепе арабам глаза открываю
Вернусь,
И в кармане опять-
Ни копья.
Копье заведется, опять на коня!

О. Сүлейменовтің барлық сүйікті ақындары – Пушкин мен Абай, Лермонтов пен Махамбет, Маяковский мен Рождественскийлер саяхат жасады, көшіп-қонды, саяхат романтикасын, орын ауыстыруға құмарлықты түсіне білді.

Олжас Омарұлы көп елдерді көрді, әр түрлі нәсілді көптеген адамдармен достасып, бауырласты, сондықтан міндетті түрде ол өзінің туған халқынан, туған жерінен, туған тілінен қол үзіп кеткен жоқ па деген сауал туады. Иә, ол әлем азаматы сипатын алды, бірақ оның бойындағы ұлттық құндылықтары еш жағдайда да өзгерген емес. Бөтен елдерді неғұрлым көбірек көрген сайын, ол қазақ жерін, туған Қазақстанның соншалықты қатты, беріле сүйеді. Бөтен халықтың поэзиясымен неғұрлым көбірек танысса, соғұрлым қазақ поэзиясының негізгі арнасы – Махамбет пен Абайға үлкен махаббатпен үңіледі.

Олжас Сүлейменовтің орыс тілінде жазылған поэтикалық шығармаларында қазақ ұлтының өзіндік ерекшелігін көрсететін ұлттық-қазақи дәстүр туған тілінде, қазақ тілінде жазатын ақындардың өлеңдеріндегіден еш кем емес.

Олжас Сүлейменов-ұлт ақыны, сонымен бірге, оның поэзиясында, жоғарыда айтып кеткеніміздей, жалпы адамзаттық мәселелер басым болып келеді, оның шығармашылығы қазақ ұлттық поэзиясының шеңберінде қалып қоймайды. О. Сүлейменовтің феномені туралы ой түйе отырып, орыс ақыны Леонид Мартынов былай дейді: «... Қазақ, кеңес ақыны, қазіргі таңда тек қана кеңес оқырманына ғана емес, шетелік оқырманға да таныс, орыс тілінде жазады. Жалпы бұл факті туралы айтатын болсақ, бір ұлттың жазушысы, өз тілінде емес, басқа тілде жазғандығында еш ерсілік жоқ, тарихта мұндай мысалдар көптеп кездеседі. Молдаван билеушісі Дмитрий Кантемирдің ұлы Антиох Кантемир жаңа орыс поэзиясының бастаушыларының бірі болды. Поляк Юзеф Тедор Конрад Кожневский кейін Джозеф Конрад деген атпен ағылшын көркем прозасының шебері болды. Жас поляк Альбер Владимир Александр Аполлинарий Костровицкий Гийюма Аполлинер деген атпен француз поэзиясын әлемге танытты. Бірақ, Конрад экваторлық көлдердің әншісі болса, ал Аполлинер өз еліне, Еуропаның шығысына тек анда-санда арманымен ғана оралатын, ал Олжас Сүлейменов, орыс тілінде жазатын қазақ ақыны толығымен қазақ ақыны, осы тамаша, паң, ежелден-ақ өз үмітін және мүддесін орыс халқының үмітімен ... біріктірген халықтың туған ұлы болып қала береді. Олжас Сүлейменов осы барлық байланысты – тұрғындық, географиялық, саяси, эстетикалық байланыстарды іске асырады».

О. Сүлейменовтің поэзиясының өзекті мазмұны мен көркемдік шеберлігінің қайнар көзі осында. Осы жерде сыншылардың Олжас Омарұлы жаңашыл ма, жоқ әлде дәстүршіл ме деген дауларын еске алған жөн. Қазіргі кезде көп жағдайда бұл мәселеде екі түрлі көзқарас жоқ. Оның шығармашылығын зерттеушілер барынша шешімділікпен бірінші ойды жөн деп санайды. Бірақ бұл пікірлер бізге оны толығымен қазақ және орыс әдебиетінің дәстүрінен ажыратып алуға құқық бермейді.

О. Сүлейменовтің шығармашылығынан орыс тілдік жүйесіне тұтасып кеткен қазақ ауыз әдебиетінің үлкен әсер еткендігін көруге болады. Осылайша, екі мәдениеттің тұтасуы негізінде бір жаңашылдық пайда болады,

ол ақынның идеясын ерекше нақтылықпен береді. Орыс тілінде жазылған шығармаларынан біз қазақ поэтикалық тілінің өзіндік және органикалық сипаттарын қосқандығын көреміз. Мысалы, «Молитва батыра Махамбета перед казнью» атты өлеңіне келсек, бұл өлеңнің сөздік-сипаттық қатары қазақ ұлттық санасына тән архетипика түсінігіне негізделеді:

Я забуду как пахнет запаленный конь,
Я забуду в зиндане гортанные кличи
Утром тело разрубят и бросят в огонь,
Моё темя забудет былое величье.

Қазақ халқының тарихи өткен тағдырының ерекшеліктерін бере білу ақынның өзіндік мақсаты емес. Ол өткенді қазіргі күнмен біріктіру үшін сипаттайды, өз халқының тағдырын адамзат тарихымен сәйкестікте қарайды, Азия мен Шығыстың жалпыхалықтық мәдениетке тигізген әсері туралы ойланады.

Олжас Сүлейменовтің көркемдік-философиялық позициясын саясаткер О. Сүлейменовтен бөлек алып, толығымен көрсету мүмкін емес. Ақын өзінің саяси қызметінде есепті басшылыққа алмайды, ол ең алдымен адамгершіл идеал мен адамдарды біріктіруге ұмтылуды, оларға түрлі өркениетке жататындығын есепке алмауды негіз етеді. «Бүгінгі мәдениетте,- дейді ақын, -бірінші де, екінші де, үшінші де әлем жоқ. Біріккен әлем ғана болуы қажет».

Олжас Омарұлының шығармаларын оқи отыра, оның мәдени-философиясының маңызды жағын құрайтын пацифистік позициясы туралы қорытынды жасауға болады. Мүмкін бұл тіпті де пацифизм емес шығар, ал оны О. Сүлейменов ең басты қауіптің – ядролық қарудың адамзатқа тигізетін қауіпіне қарама-қарсы қояды. Ақынның халықаралық ядролық қаруға қарсы қозғалыстың беделді көшбасшысы болуы – оның көркемдік-философиялық ізденістерінің заңды нәтижесі. Ол тарихтың образды-көркем формададағы мәнімен сәйкес келеді. Бұл абстракты гуманизм емес, толығымен қозғалыстағы белсенді позиция, ол соңында Семейдегі ірі ядролық полигонды жабуға әкелді. О. Сүлейменов өзінің ядролық қаруға қарсы күресінде ең алдымен адамгершілік критерийін алға қояды. Бұл күрес барлық әлемдік қоғамдастықты бірлікке әкелетін адамгершілікті қозғалыс. Өзінің қарапайым ашық көркемдік-публицистикалық формасында ол былай деп жазады: «Адам ата мен Хауа ана туралы аңыз қазіргі заманда адамзаттың серіктестік пен махаббаттың өзара әсерінің нәтижесі деген ойдың тағы да бір дәлелі. Бірінші атомдық жарылыс адамдықтың жаһандық құлдырауының белгісі болды. Бұл соңғы ядролық жарылыс Ұлы Адам атаның адамгершілік жағынан құлдырауының соңғы нәтижесі деген ескерту. Жазушылар - өз халқының ақыл-ойының үні, ол құлдырауға қарсы күш ретінде алғашқы болып біріктіруі қажет. Жалған ұнқағаздарды, ұлттық және жергілікті сананың шеңберін бұзып, адамзаттың планетарлық санасын құру».

Осылайша, Олжас Сүлейменов өзінің саяси көзқарасында сөздік образ арқылы тек тарихты ғана емес, саясатты да өзгертуге тырысады.

О. Сүлейменовтің соңғы публицистік еңбектері Қазақстанның мәдени өмірінде ерекше жағдай болды. Олар өткен жүзжылдықтың қорытындысы туралы ойлануға ғана емес, ХХ жүзжылдықтың соңындағы және үшінші мыңжылдықтың басындағы болған барлық жағдайды терең сезіне білуге де мәжбүрлейді. Ақын геосаясатқа және тарихқа ең алдымен әдебиеттің және мәдениеттің көзқарасы жағынан тұтастықта қарайды. Адам оның көз алдында тек қана жай тұлға ретінде ғана көрінбейді, екі әлемнің-шығыс пен батыстың қиылысуы көрінетін тұлға ретінде көрінеді.

Екі мәдениеттің мұндай қиылысуы, оның барлық шығармашылығында ерекше өтеді. Шығыс пен Батыстың өзара қарым-қатынасының жаһандануы 1975 жылдан бастап О. Сүлейменовтің «Аз и Я» еңбегінде апофеозға жетті, ал 1978 жылы өзінің «Көшпенділер және мәдениет: қазақ эксперименті» атты эссесінде ол былай дейді: «... Шежіреде халықтың тарихының тек қана драмалық кезендері ғана орын табады. Бейбіт заман тарихи емес. Оны сипаттау қиын. Әлем есте қалмайды. Егер славяндар мен көшпенділердің бірге, бейбітшілікте, саудамен және мәдени қызметпен айналысып тұрған жылдарын қсоатын болсақ, тұтас бір ғасырлар жиналар еді».

Қазіргі заманғы саясатқа О. Сүлейменов қазіргі кезде де Батыс пен Шығыстың мәдениетінің қиылысуы арқылы қарайды.

Тарихи санасыз, ойсыз адамда өзіндік таным, өзіндік МЕН түсінігі жоқ. Тарихи сана ұмытуға, яғни өткенді жоқ қылдыруға қарсы тұрады, тек қана тарихи сана ғана ұрпақтың, халықтың, елдің тарихының, тұтас адамзаттың жалғастығының шарты болып табылады. Адамда тектік және жеке санасының арасында бөлінушілік болуы мүмкін емес.

Тарихи сана - өткен ерлік, жеңіс, елдің батыл күресі туралы естелік қана емес, қателік, қиындық, трагедия туралы да естелік. Өзіндік адами МЕН-ді сезіну, білу және өз халқының тарихы - бөлінбес дүние және бұл бөлінбестік О. Сүлейменовтің шығармашылығында нақты көрінетіні кездейсоқтық емес. Оның шығармаларындағы өткенге деген қатынас үнемі субъективті, терең жеке мінезді сипатта болады. Ақын үшін өткенді сезіну, білу болашақты болжауды анықтауға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүлейменов О. Ты-мой герой // Эссе, публицистика. Өлеңдер, поэмалар. 12 б.
2. Кенжеев Б. Мегполис. 13.05.2004ж.
3. Сүлейменов О. Бетпақ-Дала. Алматы, 1976. 61 б.
4. Сүлейменов О. Кочевники и культура. // Эссе, публицистика. Өлеңдер, поэмалар. 38 б.
5. Әуезов М. Энциклопедия // Шығыс жұлдызы. 1996. №3, 159 б.
6. Сүлейменов О. Портить отношения // Эссе, публицистика. Өлеңдер, поэмалар. 29 б.
7. Мартынов Л. Воздушные фрегаты. - М., 1974, 31 б.

Резюме

В статье затрагиваются проблемы преемственности в творчестве О.О. Сулейменова в восточно-западном контексте. А также рассматривается личность поэта в мировой литературе.

Resume

On the report is touched problem of successes in the East and West context creativity by O. Suleimenov. And it is considered person of poet in world literature.

ӘОЖ 882.151.212.2

О. СҮЛЕЙМЕНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

Г.С. Мұхамбетова

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

О. Сүлейменовтің басшылыққа алатын негізгі әлемдік көзқарастағы принциптерін қарастыруға тырысып көрелік. Бірақ, бұл принциптерді ақын қандай да бір тұтастықтағы логикалық кестеге келтірмеген. Бірақ, олар оның барлық көп образды шығармашылығында анық көрінеді. Ақынның шығармашылық кезеңінің басында, ерте кезде көтерген ірі мәселелерінің бірі - қазақ халқының тарихының қайта даму мәселесі болды. Өзінің ертедегі публицистикалық мақаласында ол былай деп жазады: «Менің руымның қараңғы, мағынасыз өмірі туралы жалпы мәліметтер мені қанағаттандырмайды. Бұл жағдайды көптеген колониализм идеологтары өз мақсаттарында қолданып отыр. Олар қазір де мемлекеттілігі жоқ, мәдениеті жоқ Шығыс елдері тең дәрежелі дамуға қабілетті емес деп жариялап отыр. Біз өзіміздің немқұрайлығымызбен бұл пікірді растап отырмыз» [1].

Олжас Омарұлының өмірінің өзі бірыңғай адамның қабілетінен тыс күштерді талап ететін істерді жасаудан тұрады. Сондықтан ол барлық әлемге қазақ халқын таныстыру сияқты қиын істі түсіне отыра, өз мойнына алды. Қазақ халқының өткені, қазіргісі және алдағы болашағы барлық тұтастықта алғашқы рет – Мұхтар Әуезовтің ұлы эпопеясынан кейін Олжас Сүлейменовтің – ақын және азаматтың шығармашылығында кең ауқымды және жоғары көркемдік деңгейде көрініс табады. О. Сүлейменовтің жеке тұлғасының кең ауқымдылығы туралы ақын Бақыт Кенжеев былай деген: «Ол (О. Сүлейменов) Қазақстанды әдебиет жағынан әлем картасына енгізді, себебі, ол нағыз бірінші халықаралық қазақ жазушысы болды. Олжас қазақтар туралы, Қазақстан туралы көп жазды, оның бәрі де бүкіл әлемге қызықты

болып шықты. Оның кітаптарын Мәскеуде сөрелерден таласа-тармаса әкетіп жатқаны менің есімде... Ал, «Аз и Я» туралы тіпті айтпаймын да, бұл кітап – менің табынатын кітабым...» [2].

Оның жазған дүниелері арқылы қазақ халқының ұлы өмірінің беттерін қайта қалпына келтіруге болады. Оқырман көптеген ғасырлар бойында маңдайларына жазылған көптеген ауыр сынға карамастан, өздерінің алғашқы мәдениетін бастапқы қалпындағыдай сақтап қалған қазақтардың қызықты да керемет өмірінің куәгері болады. Ақынның өзі бұл туралы былай дейді: «Біздің ұрпағымыз өзгеріссіз қалыптасып жатыр. Халық ішінде ар-намыс реакциялары өтіп жатыр. Кемсіткен адамдарда еш қуаныш жоқ. Ақындар халыққа ар-намыс үшін энергия беруі керек. Әлеуметтік өлеңнің тапсырмасын мен осылайша қалыптастырамын» [3]. Бұдан әрі ақын өзінің әлем мен адамның концепциясын, нақтырақ айтсақ, қазақ әлемі мен қазақ адамының концепциясын жарықтандырады:

... В нашей степи если ночи,
так кночи –
самых белых не видно камней.
В нашей степи, емли солнце захочет,-
черные камни станут светлей.
Если радость согреет сердце,
Солнце тенью будет на ней...

Қазақ халқының тарихы мен тағдырының бұл мағынасында Олжастың ұлы ғұламалар: Абай Құнанбайұлы, Шоқан Уәлиханов, Шәкәрім, Ыбырай Алтынсарин және тағы да басқа қазақ мәдениетінің негізін салушы ірі өкілдері іске асырған үлкен өзгерістер болды.

Мағжан Жұмабаев, Илияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин және тағы да басқа көптеген ХХ ғасырдың көрнекті сөз суреткерлерінің тәжірибесі де маңызды болып табылады. Осы тарихи-мәдени контексте қазақ әдебиетін әлемдік аренаға шығару тек қана Олжас Сүлейменовтің қолынан келді. Оның қазақ халқының өкілі ретінде әлемдік деңгейде танылуы «Адамға табын, Жер енді!» поэмасы шыққаннан кейін болды.

Олжас Сүлейменов құбылысы теңдессіз, ойшы, ғалым, саясаткер – бұның барлығы да бір ғана жеке адамның қасиеттері. Оның әдеби сіңірген еңбегі ең жоғары қолдауға ие болды. Олжас Омарұлы саяси, әлеуметтік немесе мәдени салада бір позицияны ұстанған ақынның өзіне о баста берілген құралмен, яғни - Сөзбен ғана әрекет етуі қажет екенін толық түсінді:

Поэзия – это всегда поступок,
она, как варварство, всегда в изломах,
подобно
лестнице
вся из уступок,
уступок недобдуманному слову.

О. Сүлейменов әдебиетке ашық және кең тыныста өнді. Оның поэтикалық шығармалары әу бастан-ақ ұлттық әдебиеттің құбылысы болып танылды және сөз бағалай білушілердің көңілін аударды және күні бүгінге дейін солай болып келеді де. Олжастың поэзиясы серпінді ритмге құрылып, таусылмас энергиямен сәуле шашты. Оның поэзиясы сөз құдіретін бағалаушылар мен білушілерді де, сонымен қатар, қатардағы оқырманды да өзінің ерекшелігімен, афоризмге толылығымен және шеберлігінің биіктігімен таң қалдырды, ол ақынға орыс тілінің көмегі арқылы қазақ халқының жан-жүрегін ашуға мүмкіндік берді. Тек қана поэзияда халықтың жан-жүрегі, оның тарихи және мәдени дамуының өзіндік ерекшелігі, оның психологиялық құрылымы толығымен және жинақталған түрде көрінетіндігін ол терең түсіне білді.

Өзінің табиғаты жағынан Олжас Сүлейменов - жан-дүниесі, рухани байлығы мол адам. Адамның тәуелсіздігі, еркіндігі оның шығармашылық және қоғамдық қызметінің негізгі нысаны болды. Тәуелсіз адам – ол рухани жағынан бай, әлемдік дамуды философиялық жағынан түсінетін адам. Бәлкім, сондықтан болар:

Художникам нечего делать на этом поле,
Таланты их бесполезны-они болезненны.
Поле – всего лишь символ свободной воли,
Обыденность здравых запретов – это поэзия.
... но кажется мне:
свободное их присутствие
скажется в ходе историй когда-нибудь.

Бірақ, адамның, жеке тұлғаның еркіндігі ақын үшін анархия емес, құлдырау емес, қажеттілік заңдарымен қажетті келісу. Бұл мағынада ол бізге тағы да бір рет былай деп ескертіп қояды:

Свобода – это не позерство,
а как и прежде,
где ни прительства, ни дружбы,
великая до унижения
свободе требует не службы,
служенья...

Оның ақындық шығармашылығының тағы да бір ерекшелігі – көркем образдарды көре білуі. Жабайы алаң образы осылайша пайда болады. Бұл көшпелі тайпалардың күнкөріс жері. Жабайы алаң-олардың өмір сүретін және әрекет ететін әлемі. Сүлейменовтің шығармаларында алаң образы тәуелсіз және еркін адамның образымен байланысты:

Их лица круглые, как перекасти-поле,
Обожжены ветрами дикой воли...

Іс жүзінде, О. Сүлейменов көшпелі өркениет идеясын алғашқы болып алға тартқан ақындардың бірі. Көшпелі мәдениет пен өркениет өзіндік көркемдік-эстетикалық формада О. Сүлейменовтің көптеген шығармаларында маңызын тапты. Көптеген өлеңдері мен поэмалары кеңістіктегі үнемі қозғалысты, ауысуды бейнелейтін образдармен толып тұр. Бұл – жазықтағы өмір, әлем, ал онда жылқылар, жылқы үйірі т.б.:

Пустыня-
Ой, дорого ей заплатил казах.
Пустыня-
От порога до порога
Все сто дорог
Вели его газад,
Размеренная смена поколений,
Спокойнее широкое седло
Скупое равнодушное движение
Укачивая
Всадника вело.

Ақынның көркемдік-образдық формада көрсеткен өркениет феномені кейіннен, көбінесе, соның арқасында қазақстандық авторлардың көптеген еңбектерінде тиянақты мәдени талдауға түскендігін нақты айтуға болады.

Бұған ақынның бірнеше эсселері мен публицистік еңбектері де ықпал етті. Бұл мағынада О. Сүлейменовтің «Көшпенділер және мәдениет: қазақ эксперименті» атты мақаласына көңіл аударамыз. [4].

Бұл мақалада жер қатынасы өркениеті мен көшпенді мәдениеттің арасындағы өзара қарым-қатынаспен айналысатын философтар мен әдебиетшілерге біртұтас бағыт беріледі. О. Сүлейменов бұл туралы былай деп жазады: «Көшпенді дегеніміз кім? Тарихи еңбектермен тәрбиеленген ақыл үшін көшпенділер – шекара туралы немесе жерді меншіктену туралы еш түсінігі жоқ, бір жерден екінші жерге көшіп жүрген ордалар... олардың жолында тұрған қалалар жер бетінен жоғалып кетіп отырды және олар жүріп өткен жолдың барлығы да шөл далаға айналып жатты. Олар заң, құқық дегенді білмеген болатын. Сондықтан, әрине олар сенім, ар-ұждан, ұят, махаббат секілді жоғары рухани қасиеттерді білмейтін. Мен өзімнің ата-бабамның осындай образына сендім. Тіпті, басында оның мінезінің осы қырлары, қажеттіліктерінің қарапайымдылығы маған ұнайтынын да мойындауым керек» [5]. Олжастың өз сөзі бойынша, «айыпты көшпенді тарихшылар шығарған үкім жарияланған соң, соңғы сөзін айту құқығын талап етеді» [6].

Көшпенді тарих пен мәдениеттің мәселелеріне деген көркемдік-эстетикалық реакция стимул, бұл мәселені теоретикалық деңгейде зерттеу үшін және оны абстрақтылы-логикалық түсініктің көмегімен көрсететін арнайы мәлімет секілді болды. Олжас Сүлейменовтің жақтастары ғана болған жоқ, оған қарсы шығушылар да пайда болды. [7]. О. Сүлейменовтің

көзқарасына қарсылас болғандардың ой-пікіріне тоқталып қалмастан, әйгілі әдебиеттанушы М.М. Әуезовтің онымен ұқсас ұстанған позициясына тоқталсақ: «Көшпенділер, өзінің мамандығынан басқа қозғалыс, өзгерістің жағдайы, -дейді Мұрат Әуезов, жалпы адамзаттық тарихтың, оның ішінде өткен тарихтың ғана емес, бүгінгінің де жан-жақты жағдайының бірі. «Адамзат пен кеңістік» мәселесі қазіргі заманғы ұрпақ үшін де өзекті болып қала береді. Көшпенділердің санасы мен көркемдік шығармашылығын рухтандырған жол идеясы, тандау мен динамизм мәселесі тұрған кезде ғасырға көміліп қала бермейді». Зерттеуші М. Әуезов көшпенділердің этикалық және эстетикалық тәжірибесін есепке алмасақ, әлемдік мәдениет бейнесі толық болмағанымен қоса, дұрыс емес те болады деп атап өтеді.

О. Сүлейменовтің көркемдік-философиялық позициясының негіз қалаушы принциптерінің бірі - тарихты танып-білу деп батыл түрде айтуға болады. Ақын үшін қоршаған жанындағылардың барлығы да тарихи дамудың нәтижесі және әлемнің одан әрі дамуының нышаны болып көрінеді. Барлық көрген жаңаша құбылыстарының немесе жағдайларының барлығынан Олжас Сүлейменов өткен заманның терең бейнесін көреді. Бұл әлемді қабылдау оның ақындық шығармашылығынан өтіп кетеді. Бірақ, бұл өзі жасаған импульспен толық түсініп, қабылдаған, оның ақындық және публицистік шығармаларының қатарында анық қалыптасқан позиция, ол кейбір жағдайларда көркем мәтіннің шеңберінен шығып кетіп, тарихи-философиялық сипат алады.

Сүлейменов историзмінің принципі оның историографиялық мәселелерге жолын ұстаушылықпен ғана емес, әдеби-көркем бейнеге түсетін нәрсенің барлығына тарихтың қажеттілігін де ертіп әкетеді. Тарихты білу және бағалау ақында кез-келген суреткердің кәсіби сапаларының критеріі ретінде қаралады. 1972 жылы Қазақстан жазушылар Одағының басқарма пленумында Олжас Омарұлы былай деп атап көрсетті: «Әрбір жазушы, не туралы жазса да – Хәопс пирамидасы туралы немесе физика саласындағы жаңалықтар туралы жазса да, ең алдымен, ол өзінің табиғи таланты жағынан тарихшы болып саналады. Тарих – халықтың адамгершілік және философиялық тәжірибесі. Тарихта – ұлттық мәдениеттің қалыптасу және даму кезеңдері мен шығу көздері, бүгінгі халықтық сипатты көрсететін адал адамдық сапалардың бастауы».

Сүлейменовтің историзмін тек қана фактілік аспект деп санау үлкен қателік болар еді. Оның историзмі ең алдымен эстетикалық-көркемдік ойға құрылған, ол тарихи шындықты табуға мүмкіндік береді.

1962 жылдардың өзінде-ақ О. Сүлейменов өзінің «өмірлік бағдарламасын» анықтады, яғни «өз халқының жоғалып кеткен тарихын іздеп табуды» өзіне мақсат етіп қойды, сол кездің өзінде-ақ ол сенімді және батыл түрде былайша жариялады: «Мен бір кездерде шынайы реалистік «Шынайы тарих» деген кітаптың туатынына сенімдімін, оның тууына біздің де еңбегіміз сінеді деген

үміттемін. Тек ақындар ғана көне тіл мамандарының құрған сөздерінің мәнін түсіндіре алады».

Олжас Сүлейменовтің философиялық позициясының ерекшеліктерінің бірі бұл – географиялық мағынада да, мәдени-тарихи мағынада да әлемді Батыс пен Шығыс деп бөлуі. Әлемдік өркениетті батыстық және шығыстық деп жаһандық бөлу идеясы әрине, жаңалық емес, ол сонау Редьярд Киплингтан бастау алады, көптеген авторларда кездесіп келді және кездесе береді де. Бұл әлем концепциясының тек жақтаушылары ғана емес, қарсы келушілері де бар.

Біздің пікірімізше, әлемнің «Батыс» және «Шығыс» деп бөліну концепциясының мәдениеттану мағынасында существоватету құқығы бар. Бұл түсініктерге ең алдымен нақты бір рухани шынайылықтар сәйкес келеді. Екі мәдени аймақтың екеуінде де адамға, оның әлемдегі орнына, жалпы әлемге қатысы ерекшеліктеріне деген қатынаста ерекшеліктер байқауға болады. Мысалы, Батыс үшін прогресс идеясы, аумалы-төкпелі уақыт идеясы, айналадағы қоршаған ортаға деген қалыптан тыс ұлғайған белсенділік тән. Ал Шығыста болса жетілдірілуге қоршаған әлем емес, адамның өзі беріледі.

Олжас Сүлейменовтің «Батыс-Шығыс» концепциясына қайта ораламыз. Ақын ешқашан шығысты орталықтандыру позициясын ұстанған емес, мәдениеттің екі түрін ешқашан қарсы қойған емес, бірақ қашанда, барлық жерде олардың синтезін, бірлігін, бірін-бірі толықтырып отыруын іздеумен шұғылданды. Мұндай бірлік ақындық формада оның ертедегі шығармаларында-ақ көріне бастады, ал кейіннен жер бетінде өмір сүретін барлық адамдардың әлемдік қоғамдастығының бірлігі ретінде берілетін еуразиялық бірлік формуласына ие болды:

Нет востока,
И запада нет,
Нет у неба конца.
Нет востока,
И запада нет,
Два сына есть у отца
Нет востока,
И запада нет
Есть
Восход и закат
Есть большое слово-
ЗЕМЛЯ!

Мұндай әлем танушылық көбінесе Қазақстан жерінде, яғни тарихи жағдайлардың күшімен бірнеше ғасырлар бойы көптеген мәдени дәстүрлердің синтезі жүзеге асқан аймақта мәдени дәстүрлермен анықталғандығын ерекше атап өту керек:

Я рожден в стороне,
Где живут воедине,
Все части света,-
Есть и Запад,
Восток и Север,
В стране поэтов...

Мәдениеттің шынайы байлығы Олжас Сүлейменовтің көзқарасына сәйкес, түрлі дәстүрлердің өзара әсері процесінің арқасында тууы мүмкін.

Ақынның ойы бойынша адамзаттың дамуының одан арғы болашағы тек қана өзара тәуелділікті түсіну, сезіну арқылы ғана мүмкін. «Шығыс-Батыс» мәдени полустары Олжас Сүлейменовті жай ғана қызықтырмайды, оның көңілін өзара әсер кезінде ғана аулайды. Ол мәдениеттің өзіндік тұрмыстағы жақсы бағасына күмәндана қарайды. «Өзіндік тұрмыстағы» мәдениет тек қана мұхит ортасында қалып қалған, мыңдаған жылдар бойы еш кеме келіп тоқтамаған бір аралдарда ғана болуы мүмкін. Басқа мәдениетпен байланысы үзілген «өзіндік тұрмыстағы» мәдениет, яғни, аралдық мәдениет әрқашан да нашар дамыған және оның тілі өте кедей».

Барлық ұлттық изоляция мәдениеттің құлдырауына әкеліп соғады, ал ұлттық мәдениеттердің өзара әрекеті – оның гүлденуіне әкеледі. Осы тезисті қолдай отыра, Олжас Омарұлы маргинальностің позитивті ролін ерекше атап көрсетеді: «Маргинальность тіпті шумер-египет байланыстары кезінде де болған, халықтар өзара қарым-қатынас жасап тұрған кезде әрқашан бола береді де. маргиналды орта ғылымның, әдебиеттің және саясаттың өрнекті өкілдерін шығарды. Иран және араб мәдениеттерінің шекарасында Авиценна, Әл Хорезми, Хайям және Бируни өсіп жетілді. Иран және түрік мәдениеттерінің шегінде Науаи, Пушкин және Толстой секілді ұлы даналар – екі ұлттық мәдениеттің – Ресей мен Францияның тұлғалары гүлдеді.

О. Сүлейменов 1977 жылы Ташкент қаласында өткен Азия және Африка елдері жазушыларының ассоциациясының симпозиумында жасаған «Өзара тәуелділікке» атты баяндамасында адамның маргинальностінің өңделуіне көңіл бөлді. Маргинальності тұлға қандай да бір этностың дамуында ешқандай позитивті рол атқара алмайды деген пікірлерге қарамастан, О. Сүлейменов жалпы мәдениет үшін маргинал қасиеттерінің жағымды маңызын атап өтеді.

О. Сүлейменовтің пікірінше, түрлі мәдениеттердің өзара қатынасы олардың қатысым шегінде шектік диффуздық қабат түзеді, онда түрлі мәдени дәстүрлер өзара әсерлеседі. «Бұл шекаралық пласт – байланыстағы мәдениеттердің өзара қатынасының нәтижесі және бір мезгілдегі одан арғы өзара әсерлесу желісі. Маргиналды тұлғаның позитивті маңызы осында тұр деп ойлаймын. Ол екі ортаның арасындағы интеграл мәні, әрі шығарма болып табылады. Шекаралық сызық тек бөлуші сызық қана емес, сонымен бірге, қосу, біріктіру сызығы».

Біз жоғарыда атап өткен, Олжас Сүлейменовтің шығармашылығындағы көркем бірлікке жетуге негізделген историзм секілді көркемдік-эстетикалық және философиялық принциптер, түрлі мәдени дәстүрлердің өзара қатынасы мен өзара әсерлесу идеясымен бірігеді. Бұл әсіресе, оның атақты «Аз и Я» атты кітабында ерекше анық және нақты көрінді. Мұнда ол тіл білімінің (лингвистикалық) талдауы негізінде түрік және славян мәдениеттерінің (Жабайы алаң мен Ежелгі Русь) терең тарихи байланыстарын көрсетеді. Бұл тақырыпта ақынның өзі былай деп жазады: «Әлі ешкім жазбаған әлемнің қолжазбаларын қайта қалпына келтіруді қалап, мен көшпелі түріктер мен славяндардың серіктестік дәстүрлерінің сан ғасырлық істері туралы өз идеяларыма солар арқылы қолдау табу үшін сөздіктерге жүгіне бастадым. Тіл – тарихи ақпараттың ең бай резервуары. Ол мәдениеттердің өзара қатынасының толық сипатын береді. Сіз славяндарды көшпенділермен үнемі қақтығыста болды деп ойлайсыз ба? Онда неге түріктің «жолдас», «дос» деген сөздері славян тіліне көшкен?».

Ең соңында, шығармашылық шыңы ретінде суретшінің жалпы мәнді философиялық-әлеуметтік жалпылама деңгейіне дейін көтерілу мүмкіндігі шығады. Өлеңді лексикалық образдар емес, моральдық образдар құрайды. Техникаға үйреніп алуға болады, өлеңнің құрылымы жалпыға белгілі және кез-келген адам әдеби түрде жаза алады. Бірақ, бүгінгі күні шындықтың беті ашылды; талант бұл – ең алдымен жеке тақырып. Ол болмаса – ақын да болмайды... барлығының да жеке сезімі – қоғамдық емес».

Нақты адам мен әлемнің образында сөз суреткерлері өздерінің мәдени-философиялық позициясын анық көрсетеді. О. Сүлейменовтің шығармашылығы осындай образбен көрінеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сүлейменов О. Ты-мой герой // Эссе, публицистика. Өлеңдер, поэмалар. 12 б.
2. Кенжеев Б. Мегаполис. 13.05.2004ж.
3. Сүлейменов О. Бетпақ-Дала. Алматы, 1976. 61 б.
4. Сүлейменов О. Кочевники и культура. // Эссе, публицистика. Өлеңдер, поэмалар. 38 б.
5. Әуезов М. Энкидида // Шығыс жұлдызы. 1996. №3, 159 б.
6. Сүлейменов О. Портить отношения // Эссе, публицистика. Өлеңдер, поэмалар. 29 б.
7. Мартынов Л. Воздушные фрегаты. М., 1974, 31 б.

Резюме

В статье затрагиваются проблемы преемственности в творчестве О.О. Сүлейменова в восточно-западном контексте. А также рассматривается личность поэта в мировой литературе.

Resume

On the report is touched problem of successes in the East and West context creativity by O. Suleimenov. And it is considered person of poet in world literature.

УДК 811.512.122:811.161.1

ПРЕДСТАВЛЕНИЯ О МЫСЛИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ЧЕЛОВЕКА В ЯЗЫКОВОМ СОЗНАНИИ КАЗАХОВ И РУССКИХ

А.К. Мырзашова

Казахско-Русский Международный университет, г. Актобе

Настоящее исследование опирается на фразеологический материал казахского и русского языков, отражающий интеллектуальную концептосферу носителей данных языков. Фразеология, как наиболее самобытный, идиоэтнический пласт языка, вызывает особый интерес с точки зрения таких современных направлений языкознания как психолингвистика, этнопсихолингвистика, лингв когнитология. В связи с развитием данных научных направлений фразеологические исследования, опирающиеся на новую методологию, стали приобретать особую значимость и актуальность.

Развитие целого ряда теоретических и экспериментальных работ, осуществляемых с позиций лингвистических, когнитивных и психолингвистических подходов к изучению фразеологической семантики, связано как с неоднородным трактованием собственно объекта фразеологии, так и со сложностью понятия фразеологическая семантика. Разнообразие концепций и направлений, появившихся в лингвистике конца XX - начала XXI века, привело к комплексному и многоаспектному изучению фразеологической семантики. Так, предметом фразеологических исследований стали концепты, образы, понятия модели, моделирования и т.д.

Фразеологическое описание картины мира может дать более глубокие и образные представления о когнитивной картине мира, тем более, когда предметом описания является собственно когнитивная сфера человека.

Неспоримое утверждение о том, что фразеология это не только зеркало национальной культуры, но и зеркало, отражающее особенности системной организации языка, его строения, идиоэтнических черт, приобретает особую значимость в разрезе контрастивных исследований. В этой связи следует подчеркнуть актуальность исследования, осуществляемого с точки зрения

контрастивно-семантического подхода к описанию фразеологического моделирования интеллекта в сознании носителей языка.

По мнению современных исследователей, наличие сходства во фразеологических системах не только в родственных, но и разно структурных языках приводит к выводу о том, что во фразеологии должны быть определенные элементы семантического моделирования, основывающиеся на определенных общих логических и ассоциативных процессах человеческого мышления, которые при равных материальных условиях способствуют возникновению идентичных или близких устойчивых словесных комплексов языка [1, с. 7].

Следует уточнить, что мыслительную деятельность мы относим к духовной сфере человека. Концепты, образующие макроконцепт интеллект, являются компонентами ценностной языковой картины мира, т.е. имеют ценностный статус [2, с.116; 3, с.289].

Изучение и описание семантических признаков фразеологизмов мыслительной деятельности сравниваемых языков привело к следующим выводам. Так, в настоящем исследовании нами выявлены три основных (ядерных) семантических микрополя: 1) «субъект мыслительной деятельности» (обладатель интеллекта, мыслительных способностей); 2) «процессы мыслительной деятельности» (мыслительные способности); 3) «характеристика мыслительных способностей» (качества, свойства мыслительных способностей, интеллекта). Фразеологизмы данных микрополей связаны между собой следующими условными отношениями: субъект деятельности - процесс деятельности - свойства, качество деятельности. В данном случае мы не ставили перед собой цели охватить все семантические группы фразеологизмов, покрывающих поле мыслительная деятельность.

По данным исследовательского анализа, микрополе «субъект мыслительной деятельности» преимущественно включает в себя фразеологизмы, характеризующие образованного, сообразительного человека: *ходячий университет / құйма құлак*, а также фразеологизмы субстантивного значения, отражающих абстрактные реалии мышления типа *мысль, ум, рассудок: ученый багаж: / амплатондай білімі*. В казахском и русском языках встречается соматический компонент *мозг*, употребляющийся при оценке умственных способностей с отрицательной коннотацией, например: *кок ми* (букв.: синие/зеленые мозги), *есек миын жеген* (букв.: съевший ослинны мозги); *куриные мозги* — о глупом, недалекое, бестолковом человеке.

В результате типологического анализа были получены следующие выводы: выявлена доминирующая роль имени существительного в качестве семантически главенствующего компонента в сопоставляемых фразеологических системах; в рассматриваемом семантическом микрополе казахского и русского языков преобладают фразеологизмы, соответствующие грамматическому строению «имя прилагательное + имя существительное»,

например: мар цаца, кэрг цулак.; ходячий университету светлая голова и т.д., а также употребление в русском языке модели «имя существительное + имя существительное» (бездна премудростей, ума палата).

Интересно заметить, что в казахском языке в роли основных абстракций мышления выступают соматизмы ухо и лоб. Функционирование фразеологизмов цуйма кулац, мар пасца, мацдааны кере царыс позволяют говорить о следующей специфике наивной картины мира казахов: ухо считалось органом, воспринимающим и хранящим информацию; лоб, а именно широкий, - признаком большого ума.

В традиционной культуре казахов возрасту человека придается большое значение. Достаточно обратиться к толкованию 12-ти годичного цикла возраста (мушел жас), чтобы осознать наивную картину мира казахов, его сакральный смысл, культурную значимость. Считалось, что чем старше человек, тем более обширны его познания, богат жизненный опыт. Особо почитались у казахов аксакалы - мудрые старцы, к голосу которых прислушивался весь народ. Об этом могут свидетельствовать фразеологизмы кәрі құлақ, кәрі тарлан и множество других аналогичных им фразеологизмов.

В русском семантическом микрополе наиболее активны компоненты соматизм голова и абстрактное наименование ум. Так, фразеологизмы светлая голова, золотая голова напрямую связаны с традиционной ассоциацией ума, учености со светом и золотом, которая представлена соответствующими русскими народными поговорками ученье - свет, а не ученье - тьма.

В русском языке запас знаний, эрудиция человека отражаются такими фразеологизмами как **бездна премудростей, багаж знаний**; в казахском языке - **амплатондай білімі өресі жоғары** и т.д. Данный семантический фрагмент отражается в русском языке фразеологизмами, компоненты которых чаще соотносятся с гастрономическим, вещным, социально-иерархическим кодами культуры. Например: **тертый калач, синий чулок, с царем в голове**.

Специфичность фразеологизмов данного микрополя русского языка проявляется в частом переносе зооморфных признаков: травленный волк, стреляный воробей, книжный червь; в казахском языке подобных фразеологизмов отмечено не было (встречается только во фразеологизмах, характеризующих глупого, бестолкового человека, отсутствие разума, сознания: **есек миын жеген, құтырған иттің құлағын жедің бе? жынды қойдың миын жедің бе?**).

Следующая семантическая группа фразеологизмов «процессы мыслительной деятельности» представляет собой самое обширное микрополе в сопоставляемых языках, что можно представить в следующем процентном соотношении: в казахском языке - 56,8% фразеологизмов от их общего количества; в русском языке - 48,5%.

Данное микрополе представляет собой ряд глагольных обозначений, выполняемых человеком интеллектуальных действий, а также воздействия

на интеллект человека. При анализе рассматриваемого микрополя были выявлены фразеологические единицы, характеризующиеся следующими семантическими признаками: процесс приобретения знаний, навыков, опыта; процесс мышления или ментальные процессы.

Ядро данного микрополя в сопоставляемых языках образуют фразеологизмы, отражающие активную умственную деятельность: котелок варит, думу думать, ломать голову; в казахском — ғылым бақты ақыл таразысына салды, ой елегінен өткізді. На периферию микрополя казахского и русского языка отходят фразеологизмы с семой давать мудрые советы, наставлять на правильный путь, поучать, т.е. имеющие значение воздействия на интеллект человека идеальной субстанции извне, например: ақыл үйретті, ақыл қосты, ақыл айтты, ой салды, ақыл берді наставлять на ум (разум), учить уму-разуму.

При анализе грамматических структур было выявлено, что в данных фразеологизмах сопоставляемых языков доминирующим компонентом является глагол. В казахском и русском языках было отмечено следующее сходство: фразеологизмы этого микрополя имеют аналогичную модель «имя существительное + глагол». Также в русском языке в большинстве случаев возможна перестановка компонентов, например: взяться за - за ум взяться, думать головой - головой думать, что не приводит к искажению смысла. В казахском языке перестановка позиций компонентов недопустима (в редких случаях исключением могут быть поэтические тексты).

Данное микрополе казахского языка, в отличие от русского, характеризуется фразеологизмами, отражающими интеллектуальный рост человека. Под понятием умнеть в казахской фразеологии подразумевается становиться грамотным: сауат ашу, қара тану, көзі ашылу; в русской языковой картине мира наблюдается несколько иное понимание развития интеллекта. В традиционном русском понимании понятие умнеть равносильно понятию осознать, образумиться. Это весьма образно прослеживается во фразеологизмах *взяться за ум, доходить своим умом, хватиться за ум, входить в разум, набираться ума*.

Фразеологизмы микрополя «характеристика мыслительных способностей» используются для выражения оценки интеллекта, умственных способностей человека. Как показал типологический анализ, большая часть фразеологизмов микрополя казахского и русского языков являются двухкомпонентными. Почти во всех фразеологизмах данного микрополя сопоставляемых языков присутствуют соматические имена. В 33,3% проанализированных фразеологизмах данного микрополя русского языка встречается соматизм *голова* и абстрактное наименование *ум*: *с головой на плечах, с царем в голове, иметь голову, светлая голова; набираться ума, ума палата, наставлять на ум*.

Как и фразеологизмы микрополя «абстракции и субъекты мыслительной деятельности», фразеологизмы этого микрополя очень содержательны.

Например, по фразеологизму **омыртқасы тузу жігіт** (букв.: джигит с ровным позвонком) в значении 'грамотный, умный; видный; на все руки мастер' можно заключить, что в казахском миропонимании ровная осанка, статная фигура характеризовали разумного человека. Так, в наивной картине мира казахов умный человек (ақылы/басы бар адам - букв.: человек с умом, с головой) всегда ассоциируется с хорошим, красивым, статным, видным, добрым, скромным, интеллигентным, правильным, смекалистым, разносторонним, деловитым, уверенным, решительным, физически развитым человеком. На данную специфику мировидения казахов указывает и богатый пословично-поговорочный фонд казахского языка, представляющий собой зеркало традиционной культуры.

Отличительной чертой исследуемой фразеологии казахского языка является частое употребление соматических номинаций, которые позволяют увидеть своеобразное толкование умственных способностей человека, т.е. отражение в языковом сознании абстрактных процессов духовной (когнитивной) сферы человека посредством конкретнык анатомических номинаций. Так, в отражении мыслительных способностей человека участвуют фразеологизмы с компонентами-соматизмами көкірек (грудь, грудная полость), көз (глаза), құлақ (уши), маңдай (лоб), йық (плечи), омыртқа (позвонок, позвоночник), төбе (макушка), тіл (язык).

Насыщенность фразеологии данного семантического поля соматическими наименованиями объясняется этнокультурными факторами: казахи занимались не земледельческим, а животноводческим хозяйством, следовательно, им были хорошо знакомы наименования всех частей тела (анатомические знания). Для приготовления пищи употреблялись все внутренние органы, не говоря о голове животного.

Отметим, что в микрополе «характеристика мыслительных способностей» казахского языка единичны случаи употребления соматического компонента бас (голова). Возможно, это связано с сакральным пониманием головы не только как жизненно важного органа, но и с особым концептуальным трактованием: бас как человек, душа, источник, начало, верхняя часть чего-то, начальный период и т.д.

Также нельзя не отметить значимый в гастрономической культуре казахов ритуал подачи головы животного. Голова варилась в особых случаях почетному гостю (чаще аксакалу -уважаемому старцу, либо хозяину дома), затем разделялась (употреблялись даже мозги) согласно ритуальному обычаю и передавалась из рук в руки сидящим за накрытым дастарханом. При подаче головы животного соблюдались все традиционные «правила». Этот ритуал существует и сегодня.

Интересно заметить, что в отличие от рассматриваемого семантического микрополя казахского языка, в русской фразеологии преобладают устойчивые

словосочетания с компонентом голова, но единичны случаи употребления других соматических номинаций.

Если казахская фразеология, отражающая мыслительную деятельность человека, отличается употреблением соматической лексики, то в русской фразеологии наблюдается широкое употребление культурно маркированной лексики (ср.: с царем в голове, тертый калач, видеть на три аршина в землю, ума палата); активное употребление соматизма голова; зоонимов - собака, воробей, волк.

В русском мировидении умный, сообразительный, разумный, мыслящий человек соотносится через образ человека с головой, с умом, с открытыми глазами. Иначе говоря, сам факт присутствия и наличия «головы» и «ума» говорил о высоком уровне развития интеллекта человека. Для сравнения: в русском народе глупым считался человек, полностью лишившийся ума и головы, с дырявой головой и т.д.

Таким образом, выявлены следующие сходства и различия в моделировании мыслительной деятельности человека, в данном случае, посредством фразеологии, отражающей субъект, процессы и свойства мышления с положительной коннотацией. Так, в сопоставляемых языках наблюдаются различия: 1) в составе семантических микрополей; 2) в избирательности составляющих компонентов; 3) в структурных моделях фразеологизмов; 4) в формировании моделей ментального представления образа «мыслящего, разумного человека».

В целом, различия фразеологического моделирования данных семантических фрагментов действительности в изучаемых языках обуславливаются этнокультурным представлением и пониманием ценностной картины мира, своеобразным представлением бытия.

Таким образом, следует констатировать, что данное исследование не исчерпывает все актуальные вопросы изучения языкового сознания, отражающего особенности образной номинации мыслительной деятельности казахов и русских, а является только фрагментом, проливающим свет на специфику семантической организации данных микрополей.

ЛИТЕРАТУРА

1. Журавлева Я.А. Моделирование семиотического пространства идиоматического знака (на материале китайских фразеологизмов типа чэньюй). Дис. ... к.филол.н. - Благовещенск: ГОУ ВПО «Благовещенский государственный педагогический университет», 2007.-279 с.
2. Колесов В.В. Философия русского слова. -СПб.: ЮНА, 2002. -448 с.
3. Сергеева Н.М. Ум и разум// Антология концептов. Под ред. Карасика В.И., Стернина И.А. -Волгоград: Парадигма, 2005. Том 1. -С. 286-305.

ЛЕКСИКОГРАФИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ

1. Большой фразеологический словарь русского языка. Значение. Употребление. Культурологический комментарий. Отв. ред. Телия В.Н. -М.: АСТ-ПРЕСС КНИГА. 2-е изд. -784 с.
2. Казахско-русский фразеологический словарь. Под ред. А.С.Аманжолова. Алма-Ата: Мектеп, 1988.-224 с.
3. Кенесбаев І.К. Фразеологиялық, сездік -Алматы: Арыс, 2007. -800 б.
4. Кунин А.В. Англо-русский фразеологический словарь. -М.: Русский язык Медиа, 2006.-571 с.
5. Молотков А.И. Фразеологический словарь русского языка. -М.: Советская энциклопедия, 1968. -543 с.
6. Степанова М.И. Фразеологический словарь русского языка. СПб.: Полиграфуслуги, 2006. -608 с.

Түйіндеме

Мақалада тілдік санада көрініс табатын қазақ-орыс дүниетанымының ерекшеліктері фразеологиялық материал негізінде талданады. Зерттеу мақсаты - ақыл-ой әрекетін бейнелейтін фразеологияның типологиялық моделі анықталады.

Resume

The article analyses the specification of Kazakh and Russian's world outlook, shown in the lingual consciousness. The research is based on the phraseological material and reveals the typology of the phraseological model of mental activity.

ӨЖ 81'23

ТОЛЫМСЫЗДЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САПАСЫ

Б.Ж. Сарыбаева

Инновациялық Еуразия университеті

Философия ғылымы категориялық ұғымдарды жалпы түсініктер арқылы білдірсе (мағына, форма, сана), психология ғылымында мұндай ұғымдар тереңірек және бір-бірімен тығыз байланыста қарастырылады. «Невозможно мыслить психическую реальность над одной категорией (например, образа или действия) [1,26]. Өйткені психологиядағы категория психологиялық объектіні өңдеуге, одан қандай да жаңалық ашуға, яғни «құрал» болуға бағытталған. Психология процесті шешуде бір түсінікке бірнеше анықтама береді. Мәселен, елес туралы Гельмгольд бейсана пайымдау, Бне қателіктер

десе, Сеченов рефлекстік-бейнелік психологиялық процесс, Бунд апперцепция т.с.с. деген анықтамалар берген. Көзқарастардың қайшылығына қарамастан, зерттеушілер бір психикалық құбылыс туралы айтқан. «Категории, отображая большие разряды явлений, фиксируют различие между ними и вместе с тем вскрывают их своеобразие не иначе как на основе определенных приемов и способов их объяснения» [1,31].

Тілдесім психологияда субъектінің беделділігінің формасы ретінде беріледі. Ал оның нәтижесі субъектінің басқа адамдармен қарым-қатынасы болып табылады. Анықтамаларға назар аударсақ, «Тілдесу – біркелкі іс-әрекет қажеттігінен туындаған адамдар арасындағы байланыстардың даму көзі. Бұл ақпарат алмасу тіл қатысының коммуникативтік сипатын құрайды. Тілдесудің екінші тарапы – сөйлеушілердің өзара ықпалы, яғни сөйлеу барысында сөз алмасу ғана емес, сонымен қатар бір-бірінің әрекетін, қылығын танып, оны өзгеріске келтіру, жауап беру. Үшінші тарапы – тіл қатынасы сөйлеу арқылы адамдардың бірін-бірі қабылдап, өздерінің психологиялық бейнесін түзуі» [2,112]. Бұл психология ғылымындағы үш бағытты байқатады: коммуникативті (ақпарат алмасу), интерактивті (өз ара ықпал ету), перцентивті (адамдардың түсінісуі). Бұлардың өзара жиынтығы адамдардың қатынасын ұйымдастырудың әдісін құрайды: «Речь является не только средством общения, но и средством мышления, носителем сознания, политики, информации, средством управления поведения других людей и регуляции собственным поведением человека» [3,312].

Жігіт өзінің шамын үріп өшіріп жіберді. Қиялы енді Магрипаға жүзбе-жүз жақындатады. Сол кезде мұның артындағы Дәрмен қамқорлық етіп, мезгілсіз үн қатты:

- Әбіш, шамың сөніп қалды ғой? Әкел, тұтатып берейін! - деді. Дәрменге түсініксіз күйде, үнсіз тапжылмай тұрған Әбіштің қасына кеп, оның қимылсыз қолындағы білте-шамды тұтата бастады. Кеше ұзақ жол жүріп келе жатқанда, Мағаштың келер ауыр әңгімелерінің арасында және өткен түнде де Әбіштің көз алдынан Магрипаның сәулелі елсі кетпеген-ді. Қазір Дәрменді тағы да таңырқата түсіп, оқыс сөйлеп қалды.

- Япырай-ай, қандай сұлу!

- Кімді айтасың?

- Магрипа ше? Магрипаны айтам! Қандай көркем еді?

Дәрмен Әбішті бұдан әрі де сөйлейтін шығар деп еді, ол үндемеді (М.Әуезов). Мысал сөйлесудің көп қызметі барын аңғартады. Айтушының сөзі тілдесу құралы болса, ішкі монологы ойлау құралы болып тұр. Сондықтан тілдесім кезінде сөздердің толымсыз болып шығуы санадағы ойлардың кейде пікір алмасып тұрған адамның санасына бармай өз ішкі ойы сыртқа еріксіз шығуы, ал еріксіз шыққан ой толымсыз болуы заңды нәрсе болуы керек. Кейде адамның ішкі санадағы ойы сыртқа түсініксіз болып шығуын екінші адам реттеп

отырады да, тілдесім жалғасын таба береді. Осындай адам санасындағы бір адамның екінші адам әрекетін түзуіне байланысты ішкі сөйлесімнің сыртқа ықшам болып шығуын толымсыздықтың бір жолы дер едік.

Күнделікті өмірде пікір алмасу мен ойлануда біз аз ғана сөз қолданамыз. Мұндай әр сөз тіпті бір тайпа, бір жиынтықты білдіруі де мүмкін. Сондықтан айтылғанның бәрі түсініктің мазмұны мен көлеміне кіреді. Жоғарыда айтып кеткен бүтін мен бөлшекті алсақ, онда айналаны қоршаған заттар, нәрселер ойда бөлек болғанымен, тілдесімде бүтін бір сөзбен-ақ беріле алады. Сол себепті психология ғылымы қарастыратын толымсыздық бөлшектер, пікір алысқанда бүтінге айналады. Оған мына бір мысал дәлел бола алады:

- Адам қиялы мұндай үңгірлерге неше алуан гажайып жандарды мекендетеді. Біздің бәріміз бағанадан осы үңгірге кіргелі біраз сескеніп, үрректен келдік. Егер осы судан бір мақұлық көрінсе, қандай қорқар едік?! - деді.

Әбіш Әлмағанбеттің бағанадан қорқып, өз-өзінен бұғыңқырап, тіпті ақырын сөйлеп сыбырлап жүрген жайын еске алды.

- Сондай бір мақұлық албасты, шайтан бейнесіне түсіп бізге көрініп қалса, гажап емес-ау! Егер ол көрінсе, біздің Әлмағанбет құрбанға шалған лақтай бақырар еді! - деді.

- Кім білсін, әлде шамға, біздің дабырға құлақ салып жсақындап та келер! - дей отырып, Әбіш орнынан оқыс атып тұрып: - Әне келіп қалды! - деп, артқа қарай жалт бергенде, бір Әлмағанбет емес, Мағаштан басқа жастардың барлығы қоса жсапырылып, артқа қарай, салдырай қашты. Көбінің шамдары да өшіп қалып, бір-біріне қақтықты. Әлмағанбет елден бұрын жсығылып еді. Дәрмен қорыққан жоқ-ты. Әлмағанбеттің үстіне әдейі құлап, үнсіз жсаныштап жсатыр. Шошыған Әлмағанбет дыбыстай алмай сыбырлап: «Өлдім, өлдім!» деді (М.Әуезов).

Әр нәрсенің немесе қандай да бір заттың, іс-қимылдың, сынның түсінігі болады. Тілде ондай түсініктер бір сөзбен немесе бірнеше сөзбен беріле береді. Егер ондай түсінік бір сөзбен беріліп, бірнеше мағына білдірсе, оны толымсыздық деп білеміз. Пікір алысқанда санадағы бірнеше сөйлем, яғни бүтін, түсінік бір-екі сөзбен, бөлшекпен ғана берілсе, бұл құбылысты толымсыз тілдесім (категория) деп білеміз. Категория бола алу себебі олардың әдетте көптеп кездесуі. Мысалдағы «мақұлық» сөзі кейіпкерлердің санасында жағымсыз, қорқыныш сезімін оятып, бір сөздің түсінігі кейіпкерлерді әлекке салғанын көрдік.

«Ақпараттың қайсысы болмасын таңбалар жүйесі арқылы беріледі. Психологиялық қолданыста бұл таңбалар - дыбыс, сөз, сөйлеу» [4,99]. Бұл таңбалар тығыз байланыста екенін білеміз. Сөйлеу процесі санамен реттеліп, тілдесуді тудырады. Сана болмысы өрнектермен бейнеленсе, сөз бен тіл сол болмысты арнайы таңбамен белгілейді. Лингвистикалық түсіндірме сөздікте «Дыбыс - тілдік бірлік, тілдің мағыналы бөлшек-бірліктері; сөз бен морфемаларды құрайтын материалдар қызметін атқарады. Дыбыс сөзді

тануға қызмет етеді» - делінсе [5,78], психология оқулығында «Сөйлеу түрінің бәріне бірдей сипат - олардың сөздік дыбысталуында» делінген [3,120].

Сөз мағынасыз болмайды. Ендеше сөзді сөз ететін, сөзге мән беретін дыбыс екен. Ол сөйлеудің барлық түріне қатысады. Бірақ дыбыс шығарып сөйлесу мән дыбыс шығармай сөйлесу бір нәрсенің екі жағы. Мысалы: «Астан алыңыз» деп сөзбен айтсақ та, қолды табакка жақындытып көтеру де бір нәрсе. Немесе «қайда барасың?» мен иекті көтеру де бір нәрсе. Бұлардың айырмашылығы дыбысталу-дыбысталмауында болып тұр. Дыбысталғандағысы лингвистикада толымсыз сөйлем де, психологиядағы дыбыссыздық толымсыз тілдесім.

«Сөз негізінен екі қызметті атқарады: коммуникативтік және сигнификативтік. Осы қызметтеріне орай сөз тілдесу құралы және ой мән сананың көріну формасы ретінде танылады» [4,105]. Психологияда сөздің негізгі сипатына оның мазмұндық жағын жатқызады. Өйткені адам сөзінің әрқайсысында заттың, не құбылыстың бейнесі пайда болады. Бұл дыбыстық тілдің жануар тілінен айырмашылығын көрсетеді. Дыбыстардың бірігіп сөз және сөйлем формасына келуінен әлі сөйлеу (баян) шықпайды. Сөйлеу заттық негізі бар мағына болғанда ғана іске асады. Сол себепті психология ғылымында сөз мағыналы болғанда іске асары даусыз деп біледі.

«Адамға тән басты белгілердің қатарынан сезім саналады. Сезім адам баласының қуана алуынан, қамыға білуінен, қобалжуынан байқалады. Сонымен қатар адам бойында алдына қойған мақсатына жетудегі табандылығы, еркіндігі бар. Психикалық құбылыс ретінде танылатын мұндай категориялар психология ілімі тексеретін заңдылықтар болып табылады да, психология пәнінің түсіндіруіне жатады. Бірақ олардың көру арқылы, ой арқылы қабылдануымен қатар тіл арқылы басқа біреуге жеткізілуі, нәтижесінде екінші жақтың естуі, қабылдауы, түйсінуі тағы бар. Міне, осы екі аралықтағы құбылыс тіл білімінің түсіндіруіне сәйкес келеді» [1,101]. Мәселен, төмендегі үзіндіде балалық махаббат сезімін кейіпкердің білдіру жолы, оның санасында жатталып қалған Абай шумағы. Баланың сезімтал, адал екендігін өзін-өзі кіналаумен айтып отырған сөздері дәлел. Оның өз кінәсін мойнына алуы еркі мықты, болашақта өзіне-өзі талап қоя алатынын көрсетеді:

Жанар, сені сағындым...

Кенет өлеңнің соңғы шумағын көкейімде тағы бір қайталап айта бергенімде «тоқта» деген бір сұрақ көмейіме көлденең тұра қалғандай болды. «Бұл өлең сенікі емес тәрізді ғой?» дейді әлгі сұрау шүбәленіп. Иә, шынында да... Кенет көзім бақырайып, тынысым тарылып қалғандай болды. Мәссаған! Әкем-ау, мынау Абай өлеңі ғой! Дәл өзі «Айттым сөлем қаламқас» деп басталатын Абай атамыздың өлеңі. Әркімнен ұрлап-қарлап ақын болу деген менің ойым түсіме де кірмейтін сұмдық нәрсе. Өзімнің мына қылығыма төбе шашым тік тұрып кеткендей болды. Әрине, ұрлық емес, әдеби ұрлық. Оны әлгі не деуші еді, ...бірдеңе деген термині де бар (Б.Соқпақбаев).

Психология ғылымы тілдесуді іс-әрекетпен байланыста қарастырады. Өйткені іс-әрекет барысында адам міндетті түрде басқа адамдармен пікір алысады. Тілдесе отырып адам басқаларға өзінің ерекшеліктерін, даралық қасиеттерін танытады. Психолог-ғалымдар пікірінде, психологиядағы тіл – сөйлеу құралдарының қатаң қалыпқа келтірілген жүйесі, ал сөйлеу ой мен сезімді жеткізуге арналған әрекеттік қолданым. Үш тарапқа тәуелді болып келетін тілдесу адам арасындағы тілдесуге дем беріп, үздіксіз болуын қамтамасыз етеді. Тілдесуде болып жататын түрлі кедергілер адамның жеке басының психологиялық жаратылысына байланысты екен. Сөйлеу тек адамға берілген қарым-қатынастың ең жетілген түрі. Мұнда да айтушы ойды жеткізуге қажет болған сөздерді іріктеп, грамматика ережелеріне сай байланыстырады. «Тілдің өзінде мағына ой болмайды, ол тек ойды өрнектеуге арналған әртүрлі таңба-белгілерінің жиынтығынан тұрады. Ал осы қордан сөйлеу үшін қажетті болған белгілі тілдік құралдар (дыбыстар, сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер, әуен, ырғақ т.б.) іріктеліп алынған шақта ғана, ой білдіру мүмкіндігіне ие боламыз» [2,128]. Ендеше, психологияда толымдылық, толымсыздық деп аталмаса да тілдің өзінде жеке тұрғанда мағына болмайтыны, олар тек тілдік құралдар арқылы ғана мәнге ие болатындығы айтылады. Бұл ойды көркем мәтін бетіне қарасты мына мысалдармен толықтыруға болады:

Гүлжан жылап: «Құрман, ризамын жігіттеріңе, өле өлгенімше ұмытпаспын сені! Бірақ, бірақ... бүйтіп кетемін деп ойлаған жоқ едім... Басыма қара тұман орнаған соң амал бар ма, құдай ісіне? Көнемін-дағы! Тең-құрбыға, құлынтайдан бірге өскен құрбыларға мың қайта сәлем айт» - деп Құрманды құшақтап жылады (С.Сейфуллин).

Мұндағы еркін, тұрақты тіркестер көңіл күйді білдіріп тұрған жалғаулықтар, демәуліктер бәрі бір күрделі ойды білдіріп тұр. Кейіпкердің үздік-үздік айтқан сөздерін контекстен бөліп алсақ, мағына болмас еді. Жеке тұрған сөйлемдер құрылымы жағынан толымсыз болып, контексте ғана тілдік бірліктерге сүйеніп толық ойды білдіріп тұр.

Психология адамның ойлау заңдарын тексеретіні белгілі. Психология адамның сөйлеу процесінің түсіну заңдылықтарын, сөйлеу мақсатына қарай сөйлем түрлерінің мәнін түсінуді жеңілдетеді. Қазіргі кездегі психология мәселелерінің көптеген шешімі осы тілдестік қатынастарды зерттеуге байланысты болып отыр. Себебі психологиялық бейненің формадан екіншіге өтуі адам психологиясындағы ашық сана аймағы мен бейсана байланысы, адам көңіл шарпуларының ерекшеліктері т.б. осы тілдестік қатынастың негізінде жасалады. Психологиядағы ойлау мен сөйлеу проблемасы психологиялық зерттеулердің тарихында өзіне үлкен назар аударған. Олар бірде ойлау мен тілдесуді бөліп қарастырса, бірде қосып қарастырған. Бұл мәселені шешуде орыс ғалымы Л.С.Выготский зор үлес қосты. Ғалымның өз сөзімен берсек, «Слово также

относится к речи, как и к мышлению. Оно всегда характеризует предмет или явление, обозначаемое им, обобщенно и следовательно, выступает как акт мышления. Но слово - это также средство общения, поэтому оно входит в состав речи. Будучи лишены значения, слово уже не относится ни к мышлению, ни к речи; обретая свое значение, оно сразу же становится органической частью того или иного. Именно в значении слова завязан узел того единства, которое именуется речевым мышлением» [6,5]. Ғалым сөзді сөйлесу мен ойлау бірлігі деп қарап, оны ойлау әктісі деп біледі. Бірақ мағыналы сөз ғана тілдесім құралы бола алады да, ол тілдік пайымдауға айналады дейді.

Негізінен, сөйлеу мен ойлау психологияда әр түрлі генетикалық тұрғыдан қарастырылған. Сөйлеудің негізгі қызметі коммуникативтік қызмет екені белгілі. Осыған қарамастан, сөйлескенде тілмен берілетін мағына ойлау жемісі болып келеді. Мысалы, бірдемені нұсқап қана көрсетсек, ол ой жемісі, жиынтығы емес. Психологияда ойлаудың ішінде тілдесіммен байланысы жоқ түрлері де бар. Оған кішкене балалар мен кейбір жануар тілін жатқызады. Бұлар тек жас бала немесе жануар ішкі сезімін ғана білдіреді де, не белгі, не қорытынды бола алмайды. Психологтардың ойынша, екі жасар бала тілінде үлкен өзгеріс пайда болады: тілдесім интеллектуалды ойлау – тілдік болады дейді [7,5]. Егер кішкене баланың жест тілі мағынасыз, белгісіз болса, онда оның толымсыз болғаны ма? Бұл ой біріншіден, категория бола алады, өйткені кішкене бала да, кейбір жануарлар да тек сезімге сүйеніп қана қарым-қатынас әрекетін жасайды. Бұл – күнделікті өмірдегі құбылыс. Бала тілінің жест тілінен басталуы оның сөздік қорының жоктығынан және тілдесімді, түсінісуді тек қарым-қатынас жасау үшін қолданылуынан. Егер есейе келе тілдесімді ойлау, пайымдау есебінде түсінгенде ғана таза тілдесім пайда болады. Демек, мағыналы сөз ғана тілдік пайымдауға ие болады. Оны мына мысалдан көруге болар еді:

Мағаш та ішінен: «Әрине, біреу болар және нәрсе емес, қыз шығар» деп ойлады. Қазір соның «атын ба, жөнін бе біреуін естимін ғой» деп сәл ойлап қалғанда, қыз жүрегі тітіркегендей боп, барлық іші мұздап, қатты қиналып қалды.

- Сол айтқаным өзге емес, менің науқасым, Мағыш...

- Қандай науқас? - деп, Мағыш бірінші рет Әбішке шапшаң сұрақ бергенде, жүзі де қайтадан ду ете түсті.

- Былтырдан бері, Петербордағы докторлардың айтуынша, менің өкпеме науқас ілініп келеді. Қысқасы, не керек, сол науқас турасында мені емдеп жүрген үлкен доктор маған әзір үйленуге болмайды дейді. ...Осы, Мағыш, менің бөгетім де, сырым да (М.Әуезов).

Психология ғылымында сөйлеуді ішкі және сыртқы сөйлеу деп бөліп, ішкі тілдесімнің үш түрі көрсетеді:

- ішкі сөйлесім. Ол сыртқы сөйлесім тәрізді болып келеді;

- ойлау құралы ретінде. Ол арнайы бірліктер арқылы беріледі (бейне, мағына);

- ішкі бағдарлама жасау. Тілдесімді мәтінді оның мазмұнын арнайы пайымдауда бекіту және ұйымдастыру. Осы тараптан мына мысалға назар аударсақ:

Қызылбалақтың қызыл шегір көздері «қайдасың?» - дегендей боп бір сай бойын тінтіп, шанышылып қапты. Бекбол түлкі жайын құсы мен Жәнібекке сенген тәрзіді. Томага тартысымен, Қызылбалақтың шыжымын алып беліне қыстырды да, өзі Ожардың селдір қарағайлы тас биіктеріне көз жіберіп, жасағалай қарап тұрды. Әзірше бірде-бір қыбыр еткен қара құр да, өзге белгі де білінбейді. «Ожарға бекінді ме, жоқ өтіп кетті ме? Бекінсе, қарағайда ма, таста ма? Көп шат құздың, көп қарағайдың қайсысын таңдады екен? Ожарға Қабансаймен кеп кіргеніне қарағанда, әдейі қиын шыңдарға батып, жосалайын деп келген ғой. Әй, кәпір, жер білетін, сырқынды сұмдар-ау...», - деп түрлі қисынды жайды тошылап тұр еді. Сойткенше, бір сәтте Жәнібек аң көргенде істейтін машығына салып, саңқ етіп дауыстап қалды. Сол дауыс жетер-жетпесте, лезде Қызылбалақ та Бекболдың балдаққа салып тұрған қолын серпе теуіп жіберіп атқып жіберді (М.Әуезов).

Бұл бірнеше сөйлемнен тұратын үзіндіде бірде-бір сыртқа шыққан (тіл арқылы) сөйлем жоқ. Барлық ой кейіпкердің ішкі монолог, ой-тұжырымынан құрылған. Тілдесім болмаса да іс-әрекет тілдік құралдар арқылы ғана беріліп тұр. Атап айтқанда, ішкі монолог, ішкі тұжырым, дауыс, ырғақ т.б. Ішкі монолог сын тұрғысынан үлес қосып, ішкі сөйлемдер ырғағы сыртқа санқ етіп шыққан дыбыс-белгі әрекет дамуын итермелеп тұр. Ішкі монологтың тағы бір ерекшелігі - сөздерді қысқарту әрекеті.

Ішінен сөйлеп тұрған кейіпкер өз-өзімен сөйлесіп тұр. Сөз контекстегі белгілі жайларды жинақтап, тек жаңа үлесті ырғақ, сұрақ, әуен арқылы қосып тұр. Мұнда ішкі монологта түсініктің мағынадан асып түскенін көреміз. Үзіндіде «түлкі аулау» түсінігі неше түрлі әрекетке байланысты көлемі ұлғайған. Ішкі монолог ықшамдалған, предикатталған формаға ие бола тұра, сөздер бірнеше мағынаға ие болып, бірнеше сөйлем бір сөзбен де беріледі. Егер ол сөзді сыртқа шығарсақ, бірнеше сөйлем болып айтылар еді. Мұндай тілдесімді осы қасиетіне орай тілдесім пайымдауының ішкі жоспары немесе ішкі толымсыздық дер едік. Осыған орай ішкі тілдесім ойлау процесінің таза мағынасы болып табылады. Сонымен, сөйлеу әрекеті кезінде әрбір көріністі сөзбен толық жеткізу керек болса, онда тіпті тек диалог сөздер ғана емес, әдеби сөйлеу де сай бола бермес еді. Сондықтан сөздік формаға ие болатын көріністер ойды құру үшін сөйлеу формасы мен шарттар арқылы анықталуы тиіс.

Сыртқы сөйлеу өз кезегінде ауызша, жазбаша болып, ал ауызша монологтық және диалогтық болып бөлінеді. «Ауызша сөйлеуде кеңістік және уақытқа байланысты шектеулер болады. Мысалы, телефонмен сөйлескенде, сөз қысқа, жедел болады. Диалогтық дәйлеуге қарағанда, монологтық сөйлесім

сөз құрылысы жағынан күрделі болып, ой толығымен көрінеді, баяндалуы бір ізді, қатан логикалық талаптарға бағынады» [7,104]. Ауызша тілдесімде айтылғанның жеке компоненті бірінен соң бірі түсіндіріледі. Мысалы:

Майқанова бірдеңе жазып, жалғыз отыр екен, маған басын көтеріп алып, таңырқаған кейіппен қарады:

- Не болды? Не болды, Қадыров?

- Лагерьге жолдама беріңізші маған.

- Бұл жолы жолдама берілмейді. Екінші кезекке барасың.

- Неге?

- Неге болушы еді: барлық оқушыға бірден жетіспейді. Ал екіншіден, ең әуелі біз лагерьге үлгілі, тәртіпті балаларды жібереміз.

Жантас немене менен артық болғаны ма? (Б.Соқпақбаев).

Жазбаша тіл мәтіні үлкен бөлшектен қабылданған соң оның ауызша тілден айырмашылығы болады. Жазбаша тілдесім контекстік болып келеді де, ол алдын ала біреуге, бірдемеге арналып жазылып даярланып қояды. Жазбаша тіл сөйлемдердің сол себепті құрылымы толымды болып келеді. Мысалы:

Хат

«Бауырым Құрман! Үшбу хатты су түбіне кетіп бара жатқан соң жазып отырмын саған. Ешкімнен жәрдем жоқ, сенен болмаса. Қоңілім көлдей болып жүргенде, мұршамды толғануға келтірмей, байлағандай қылып, кеше келген атай Сабалақтың қатыны өліп, қыз іздеп келген баласына мені бермек болып жатыр. Алды-артқа қаратпай ертең жөнелтпек. Түнде қашып кетті қылып. Дүниеде адам баласына қиындық келетін болса, сол қазір маған келіп отыр...» (С.Сейфуллин).

«Диалог арқылы кейіпкерлер образын даралау айрықша айқын көрінеді. Диалог адам мінезін, кимыл-әрекетін ашуда бірден-бір қолайлы форма, ал монолог бұдан да арта түседі. Диалог адамдар арасында адам мінезін нақты түрде ашып, соның тілдік амалына айналады» [7,15]. Жоғарыда сөз болып кеткендей, толымсыздықтың бірден-бір көрсеткіші олардың диалогта және монологта жиі қолданылуы болса, онда олардың кейіпкер тілінде атқаратын ролі үлкен. Кейіпкердің ішкі сезім дүниесін ашу үшін көркемдік тәсілдер қолданылады. Ішкі тебірініс, толғаныс тәсілі, ішкі монолог. Мысалы:

«Шықпаса қойсын. Қояйыншы осыны» - деп түйді. Аспанға қарады (С.Мұратбеков).

Таяқ жеген Зейнепті ішінен аяды. Жазықсыз ұрғанына өкінді... Қызыл шырайлы бетінен сүйгісі келді... Ынтыққаннан ынтығып басын көтеріп алды (Б.Майлин).

Сөйлеу процесі санамен реттеледі де, адамдар арасындағы тілдесуде қалыптасады. Сананың негізгі қызметі болмыста арнайы қабылданған таңбалар мен тыңдауының міндетті түрде болуымен жасалады. Сөйлесу – тілдесу әрекеті. Сонымен, сөйлеу тек адамға тән тіл қатынасының ең

жетілген формасы» [2,99]. Сөйлесімнің бұл түрлері туралы тұжырымдар екі ғылымда да тепе-тең келеді десе де болады. Бірақ психология ғылымындағы монологтық сөйлем толымды болып келеді екен. Ал тіл білімінде монологтық тілдесім де толымсыз болуын жоғарыдағы мысалдар көрсетті.

Сөйлеудің тілдегі көрінісі сөйлем екені белгілі. Монолог пен диалог тіл немесе ой арқылы беріледі. Ендеше, сөз бен ой неғұрлым ықшам келсе, ол соғұрлым түсінікті болады. Ықшамдылықтың, эмоционалды ойдың бірден-бір амалы – сөйлемді толымсыз етіп айту. Егер мұндай сөйлемдер мен ойларды кейіпкерлер, пікір алмасушылар толымды етіп айтса, мүмкін олар мұндай әсерлі болмас та еді. Жалпы толымсыз сөйлем – адам мінезін, қимыл-әрекетін ашатын қолайлы формалардың бірі. Олар адам мінезін нақты түрде ашып, соның тілдік амалына айналады. Адам тіліндегі көңіл-күй көрінісі үлкен маңызға ие. Сөздің әсіресе ауызша түріне көңіл-күй танытатын көптеген сөйлеу бірліктері қосылады: іркіліс, әуен, ырғақ т.б. Сөз неғұрлым өрнекті, әсерлі болған сайын, одан сөйлеушінің қабілеті, болмысы нақ, дәл көрінеді. Сөз бір нәрсе жайында баяндаумен бірге, ықпал жасау құралы болып та қызмет етеді. Адам тілінің ықпалдық қызметі өте мәнді құбылыс. Ол тікелей әрекет-қылықты өзгертпегенімен, қалайда тыңдаушының санасына, сезіміне қандай да бір өзгеріс ендіреді.

Тілдесудің мазмұндылығы, оның барысындағы әңгімелесушілердің бір-біріне ықпал жасауынан көрінеді. Ал бұл өзара ықпал жасау процесін айқын түсіну үшін тілдестік қатынас әрекетінің құрылымын ғана біліп қою жеткіліксіз. Бұл орайда әңгімелесуге негіз болған түрткі-тілдесу мақсаттары мен ниеттерін талдай тану үлкен маңызға ие. Сөзбаян қаншалықты әмбебап болғанымен, оның толық мәні тілдестік әрекет жүйесінің сөзден тыс ишара белгілерімен толықтырғанда ғана ашылады. Осыдан бейвербалды тілдесу проблемасы туады. Вербалды емес тілдесуден ең алдымен көру-қозғалыс жүйесіне байланысты ым, ишара, пантомим т.б. қамтыған белгілер өте маңызды. Әрқилы дене мүшелерінің (бас, иық, қол т.б.) жалпы қозғалысқа келу адамның көңіл-күй көрінісін беріп, тілдестік қатынасқа көркем-көрпектік нәр береді. Бұл ишара белгілер әртүрлі мәдениет иелерінде бірдей емес. Мысалы, қазақ келіспесе басын шайқайды, ал болгарлар басын изейтін көрінеді. Қазақ жазушысы Ж.Аймауытов адам мимикасынан бастап, саусақ қимылына дейін суреттеп, олардың нені білдіретінін атап кеткен екен. Еңбектегі деректер тілдің толымсыздығын тек тілсіз амалдармен ғана беріле алатынын айта келіп, адам дене қимылы «тілсіз тіл» екендігін айтқан [8].

Тілсіз тілдесудің қай түрі де сөз алысу барысында өте маңызды жәрдемші роль атқара отырып, сөз мәнісін күшейту, не кемітумен бірге, әңгімеге қатысқандардың ниеттерін білдіреді. Ишара, емеурін, қимыл әліппесін білетін адамдар қарсыластарының сырын еш қиналмай-ақ ұғып, қандай жағдайға қалай әсер етудің жолдарын пайдаланатыны сөзсіз. «Біз бір-бірімізбен тек

сөздің және ым-ишараның көмегімен ғана емес, сонымен бірге өз денемізді пайдалану арқылы да қарым-қатынас жасаймыз. Кейбір қозғалыстарды біз әдейі жасаймыз, бірақ біздің ишараларымыздың көпшілігі түйсіктік болып табылады» деген Ж.Қабаева адамның денесі әр жағдайға байланысты, әртүрлі сигнал беретін құрал деп есептейді [9,16]. Расында да, күнделікті өмірде адам дене кимылы тілсіз ұғынысудың бір жолы тәрізді қолданылатыны даусыз.

Ғылымда вербалды тілдесуге «косымша» ретінде паралингвистикалық және экстралингвистикалық белгілер жүйесі де қолданылады. Паралингвистикалық қосымшалар бұл дауыс ырғағы, өуені болса, экстралингвистикалық дегеніміз сөз барысындағы іркіліс, жөтелу, жылау тәрізді іс-әрекеттер. «Психоллингвистика принадлежит к числу новых областей психологического знания. Ее предметом является структура процессов речеобразования и речевосприятия в их соотношений со структурой языка. Психоллингвистика направлена на анализ языковой способности человека в ее отношении к речевой деятельности с одной стороны, и к системе языка - с другой» [10,46].

Сонымен, психология ғылымының тілдесімге тигізер ықпалы зор. Біріншіден, тіл білімінде қарастырылатын сөз, сөйлем, ырғақ т.с.с категориялар психологияда да қарастырылады. Ол тек қарастырылып қана қоймай, ойлау заңдылықтарын, оларды түсінуге жол ашады. Екіншіден, ол психоллингвистика тәрізді қосалқы пәндер арқылы психологиялық іс-әрекеттер туғызатын бейвербалды амалдар, сөйлем мағынасы арқылы әдебиеттегі көркемдегіш құралдар туғызатын әдіс. Олай болса, толымсыздықты тудыратын бірден-бір амалды қарастыратын да осы пән. Психология пәні кейінгі кезде кең қанат жайып, әлі де тамыры терең ғылым саласы болатынына сөз жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мироненко В.В. Хрестоматия по психологии. – М.: Просвещение, 1987. – 447 с.
2. Сәбет Бап-Баба. Жалпы психология. – Алматы: Білім, 2003. – 231 б.
3. Немов Р.С. Психология. Книга 1. – М.: Владос, 2001. – 688 с.
4. Әбілхалық Ж. 101 толғам, 1001 түйін: философиялық байып. – Астана: Елорда, 2005. – 125 б.
5. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 104 б.
6. Выготский Л.В. Собрание сочинении в 6-ти томах. Том 2. –М.: Просвещение, 1982.– 361 с.
7. Сәрсенова Ж., Рахметов Қ.Ж. Философия. – Алматы: ОЛКС, 2004. – 268 б.
